



## **АТЫРАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**«2021-2022 жылдардағы жергілікті бюджеттің жоспарлануына және атқарылуына бюджет жүйесінің қағидаттарының сақталуын, сондай-ақ, 2019-2021 жылдардағы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар бойынша жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің, бюджетке түсетін түсімдерді алудың толықтығы мен уақтылығына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген соманы қайтаруға, есепке жазудың тиімділігіне, мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне  
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ.**

**АТЫРАУ  
2022 жыл**

## МАЗМҰНЫ

### I. Кіріспе бөлік

- 1.1 Аудиторлық іс-шараның атауы.....
- 1.2 Мемлекеттік аудиттің мақсаты.....
- 1.3 Мемлекеттік аудиттің объектілері.....
- 1.4 Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең.....

### II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау.....
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері .....
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе): (болған жағдайда).....

### III. Қорытынды бөлік

- 3.1 Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар.....
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар.....
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар.....
- 3.4.Қосымша: Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі.

2022 жылғы  
7 шілдедегі №09  
Атырау облысы бойынша  
Тексеру комиссиясының  
қаулысымен бекітілген

## АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

### I. Кіріспе бөлік

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** «2021-2022 жылдардағы жергілікті бюджеттің жоспарлануына және атқарылуына бюджет жүйесінің қағидаттарының сақталуын, сондай-ақ, 2019-2021 жылдардағы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар бойынша жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің, бюджетке түсетін түсімдерді алудың толықтығы мен уақтылығына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген соманы қайтаруға, есепке жазудың тиімділігіне, мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы.

**1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:** Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджеттің жоспарлануы және атқарылуына, сондай-ақ, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар бойынша жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің, бюджетке түсетін түсімдерді алудың толықтығы мен уақтылығына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген соманы қайтаруға, есепке жазудың дұрыстығына және мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу.

### 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:

1. «Атырау облысы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ;
2. «Атырау облысы Қаржы басқармасы» ММ;
3. «Атырау қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ;
4. «Атырау қалалық қаржы бөлімі» ММ;
5. «Жылыой ауданы Экономика және Қаржы бөлімі» ММ;
6. «Құрманғазы ауданы Экономика және қаржы бөлімі» ММ;
7. «Индер ауданы Экономика және Қаржы бөлімі» ММ;
8. «Исатай ауданы Экономика және Қаржы бөлімі» ММ;
9. «Қызылқоға аудандық Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» ММ;
10. «Мақат ауданы Экономика және Қаржы бөлімі» ММ;
11. «Махамбет ауданы Экономика және қаржы бөлімі» ММ;

12. «Атырау облысы Мемлекеттік сәулет-құрылысы бақылау басқармасы» ММ;

13. «Атырау облысы Мемлекеттік еңбек инспекциясы» ММ.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2019 жылдың 01 қаңтар - 2022 жылдың 31 наурыз аралығы.

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау**

Атырау облысы Экономика және бюджеттік жоспарлау, Қаржы басқармасы, Құрманғазы, Индер, Исатай, Қызылқоға, Мақат, Махамбет және Жылыой аудандық экономика және қаржы бөлімдері экономика және мемлекеттік жоспарлау бюджет қаражатын басқару салаларында басшылықты жүзеге асыратын, облыстың, қаланың, ауданның тұрақты экономикалық өсуіне және бәсекелестік қабілетінің сапалы жаңа деңгейіне жетуіне себеп болатын, әлеуметтік – экономикалық саясатты жүзеге асыру, бюджеттік қаражатты жоспарлау және пайдалануды қамтамасыз ету, тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған бюджеттің орындалуын қамтамасыз ету және облыс, қала, ауданның коммуналдық меншігін басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органы.

Халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға ықпал ететін экономикалық және бюджеттік жоспарлау, атқару мәселелеріндегі мемлекеттік саясатты өңірлік деңгейде қалыптастырады және іске асырады.

Атырау облысы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы өз құзыреті шеңберінде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №99 қаулысына (*бұдан әрі – Мемлекеттік жоспарлау жүйесі*) сәйкес, тиісті басқармалармен бірлесіп, Атырау облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын (*бұдан әрі – облыстың даму жоспары*) жасақтап, бекіту функциясын атқарады. 2021 жылдың 13 желтоқсанында Атырау облысы мәслихатының IX сессиясының №106-VII шешімімен облыстың даму жоспары бекітіліп, әкімдіктің интернет ресурсына жарияланған.

Облыстың даму жоспарында ҚР-ның 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарындағы көрсеткіштер толығымен ескерілген. Атап айтқанда, «Стратегиялық көрсеткіштер картасында» барлығы 41 нысаналы индикатор бекітілсе, соның ішіндегі 21 индикатор өңірлер деңгейінде бөлінген. Аталған 21 индикатор облыстың даму жоспарына енгізіліп, толықтай 100 пайыз қамтылып отыр.

Бүгінгі күнге облыстың даму жоспарына барлығы 118 нысаналы индикатор енгізілген. Оның ішінде 21 индикатор стратегиялық көрсеткіштер картасынан, 97 индикатор ұлттық жобалар аясында болып табылады.

Өңірлік саясат – өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін экономикалық факторларды тиімді пайдалануға бағытталған саясат. Өңірлік саясат келесі бағыттарды қамтиды:

- Моноқаланы дамыту – инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағыты бойынша, сондай-ақ, моноқаланың экономикасының әртараптандыру бойынша жұмыстарын үйлестіру.

- «Ауыл – Ел бесігі» жобасы. Жобаның басты мақсаты – ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту, ауылдарды тұрақты дамыту.

- Сонымен қатар, ауылдық жерлерге тұру және жұмыс істеу үшін келген әлеуметтік және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға тұрғын үй салу немесе сатып алуға берілетін бюджеттік несие және көтерме жәрдемақы түріндегі әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру.

Моноқалаларды дамыту жобасы шеңберінде 2021 жылы «Құлсары қаласының 34,4 шақырым ішкі автомобиль жолдарын қайта жаңғырту» жобасына республикалық бюджет есебінен 1 400 000,0 мың теңге бөлініп, толық игерілген. Құрылыс жұмыстары аяқталған.

2021 жылы Ұлттық қордан «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде 16 ауылда 22 жобаны іске асыру үшін 3 900 000,0 мың теңге бөлінген (әлеуметтік сала – 8 жоба, көлік инфрақұрылымы – 8 жоба және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы – 6 жоба). 8 жобада құрылыс жұмыстары аяқталған. Қалған жобаларда жұмыс жалғасуда.

«Дипломмен ауылға» жобасы шеңберінде 2021 жылы республикалық бюджет есебінен 54 маманға жалпы сомасы 236 300,0 млн теңгеге бюджеттік несие беру жоспарланып, 55 маманға 236 300,0 мың теңге бюджеттік несие берілген.

Бюджеттік жоспарлау бойынша үш жылдық кезеңге арналған негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер, функционалдық топтар бөлінісінде алдыңғы жылдармен салыстырғандағы жоспарланатын кезеңге арналған негізгі басым бағыттар бойынша шығыстарға жүргізілген талдау орналастырылған.

Бюджетті атқару сатысында Азаматтық бюджет ай сайынғы негізде, жарты жылдық қорытындылар және жыл қорытындысы бойынша орналастырылған.

2021 жылға жоспарланған облыстық бюджеттің түсімдері 101,8%-ға орындалған. Есепті кезеңге 485 476 558,9 мың теңгеге жоспарланып, нақты түскен түсім көлемі 494 364 749,2 мың теңгені құраған. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда 58 179 005,5 мың теңгеге немесе 13,3%-ға ұлғайған.

Атырау облыстық бюджеті өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2021 есепті қаржы жылына жоспарланған бюджеттің кірістері, оның ішінде: салықтық түсімдер 7 418 534,2 мың теңге және салықтық емес түсімдер 3 256 688,1 мың теңгеге, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 9 271,2 мың теңгеге, трансферттердің түсімдері көлемі 75 193 071,1 мың теңгеге артық орындалған.

Өткен кезеңмен салыстырғанда 58 179 005,4 мың теңгеге артық түскен түсім, ол аудандық (қалалық) бюджеттерден облыстық бюджеттің ысырабын өтеуге арналған трансферттер түсімдерінен құралып отыр.

Өткен жылы осы түсім 425 929 663,8 мың теңгеге жоспарланып, нақты түсім 436 185 743,7 мың теңгені құраған. Бұл дегеніміз, (401204) код «облыстық бюджеттің түсімдерінің артық орындалуы аудандық (қалалық) бюджеттерден облыстық бюджеттің ысырабын өтеуге арналған трансферттер есебінен» жауып отырғандығын көрсетеді.

2021 есепті қаржы жылына шығыстар бойынша бекітілген бюджет көлемі 474 666 759,0 мың теңге, нақтыланған бюджет көлемі 497 656 754,3 мың теңгені құрап, 22 989 995,3 мың теңгеге артқан.

Бюджеттің баланс беру кезіндегі 11 570 612,7 мың теңге түсімдер мен шығыстардың айырмашылығы, бос қалдықтар есебінен құралып отыр.

Жалпы, 2021 жылдың 12 айына облыстық бюджетінің шығыстар бойынша жоспарланған 497 047 171,2 мың теңге қаражаттың 496 045 587,7 мың теңгесі игеріліп, 99,8%-ға орындалған.

Бюджет шығыстары ішінде шығындар көлемі 450 463 501,0 мың теңге болып бекітіліп, жоспарланған шығындар көлемі 473 895 350,2 мың теңге, нақты орындалысы 99,8%-ды немесе 472 893 768,5 мың теңгені құраған. 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 86 396 667,6 мың теңгеге ұлғайған.

Игерілмеген бюджет қаражатының көлемі 1 001 583,5 мың теңге.

Атырау облысы бойынша коммуналдық меншікте бүгінгі күнге 804 мекеме болатын болса, 554 мекемесі облыстың коммуналдық меншігіне кіреді. Оның ішінде 310 мемлекеттік мекеме 244 квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылады. 310 мемлекеттік мекеменің 32 бірлігі мемлекеттік органдар болса, 244 квазимемлекеттік сектор субъектілерінің 43 бірлігі коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын, 196 бірлігі коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын, 3 бірлік жауапкершілігі шектеулі серіктестік, 2 бірлік акционерлік қоғамнан құралған.

Облыстық коммуналдық меншіктегі Атырау облысы білім беру басқармасының Атырау қаласы білім бөлімінің «М.Қойшыбаев саз мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының (*бұдан әрі – Кәсіпорын*) ғимаратына жалпы құны 109 536,0 мың теңгені құрайтын ұзарту (пристройка) жұмыстары жүргізілген. Аталған жұмыс Атырау қалалық құрылыс бөлімімен жүргізіле отырып 2019 жылы аяқталып, қабылданған. Осыған сәйкес, 2020 жылы қала әкімінің Кәсіпорынның теңгеріміне беру яғни, қалалық коммуналдық меншіктен облыстық коммуналдық меншікке беру жөнінде қаулысы шығарылған. Алайда, нысанды теңгерімге алу жұмыстары күні бүгінге дейін толық аяқталмаған.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

Аудиторлық іс-шара барысында Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы, Қаржы басқармасы, қала және аудандық экономика қаржы бөлімдері, Мемлекеттік сәулет-құрылысы бақылау басқармасы және Мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы аудитпен қамтылды.

**Бюджетті жоспарлау кезінде бюджет жүйесінің қағидаттарының сақталуын талдау және бағалау бағытында**

**Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы** (Бұдан әрі - Басқарма), бюджеттік жоспарлау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, бюджеттік жоспарлау бойынша әдіснамалық басшылықты жүзеге асырады.

Облыстық мәслихаттың 09.12.2020 жылғы №497-VI «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешімімен бекітілген бюджеттің кіріс бөлігі 448 785 790,0 мың теңгеге жоспарланған. Оның ішінде салықтық емес түсімдер бөлімінің 206 109 «Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер» коды бойынша 52 250,0 мың теңгеге бекітіліп, енгізілген нақтылаулар мен түзетулерден кейін 8 863 495,0 мың теңгеге жоспарланған. Алайда, нақты түсім 206 109 «Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер» коды бойынша 296 707,8 мың теңгеге немесе 3,3% - ға орындалған. Ауытқу 8 566 787,2 мың теңгені құраған.

2020 жылы бұл түсім бойынша 10 657,0 мың теңге жоспарланып нақты түсім 15 540,1 мың теңге немесе 145,8% - ға орындалған. Осылайша 2021 жылға 206 109 коды бойынша түсімдерді жоспарлау барысында 2020 жылғы нақты түсімдер динамикасы немесе көрсеткіштері ескерілмеген.

**1.** Сонымен қатар, Бюджет Кодексіне сәйкес бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен ҚР Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулылары және ҚР-ның өзге де нормативтік құқықтық актілері негізінде түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мүмкіндіктері бола тұрса да 206 109 коды бойынша түсімдер жоспарына өзгертулер енгізілмеген. Осылайша аудит жүргізу барысында аудит объектісі тарапынан Бюджет Кодексінің 4-бабының 9) - тармақшасындағы «Негізділік принципі» сақталмай 206 109 «Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер» коды бойынша **8 863 495,0 мың** теңге артық тиімсіз жоспарланған.

**2.** Қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне берілген экономикалық қорытындыларды талдау барысында «Мемлекеттік инвестициялардың қажеттілігіне байланысты мемлекеттік инвестициялық жобаны іске асыру тетігін басымдықпен таңдау негізділігі» бойынша ақпараттар көрсетілмеген. Бұл алдағы уақытта басымдылығы жоғары өзге де проблемалардың елеусіз қалу қаупін тудырады.

**3.** Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізу функциясы тиісті деңгейде жүзеге асырылмай, Атырау қалалық ББӘ БИЖ бойынша орындалған жұмыстардың нақты және жоспарланған көлемі мен қаржы қаражатын игеру сомалары туралы ақпаратты тоқсан сайынғы негізде ұсынбаған.

**4.** «Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингі мен талдауын жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығының 3-бөлігінде көзделген 1-11 қосымшалары мерзімінде ақпарат толық ұсынылмаған.

**5. Құрманғазы аудандық экономика және қаржы бөлімінде** ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығының *(бұдан әрі - №195 Бұйрық)* 13-тармағын және 14-тармағының талаптары сақталмай, ББӘ-нің 2021-2023 жылға және 2022-2024 жылға бюджеттік бағдарламаларының жобалары мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органымен, яғни ауданға қарасты ауылдық округтері тарапынан аудит объектісімен мүлдем келісу жұмыстарымен қамтамасыз етілмеген.

**6. Индер аудандық экономика және қаржы бөлімінде** Бұйрықтың 13-14- тармақтарының талаптары сақталмай, ББӘ-нің 2021-2023 жылға және 2022-2024 жылға бюджеттік бағдарламаларының жобалары мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен *(Атырау облысы жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі, Индер аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі, Индер аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі, Индер аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі, Атырау облысы Индер ауданы әкімінің аппараты, Индер аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі, Жарсуат ауылдық округі әкімі аппараты, Елтай ауылдық округі әкімінің аппараты, Көктоғай ауылдық округі әкімі аппараты, Өрлік ауылдық округі әкімі аппараты, Бөдене ауылдық округі әкімі аппараты, Есбол ауылдық округі әкімі аппараты)* уақытылы келісуді қамтамасыз етілмеген.

**Исатай аудандық экономика және қаржы бөлімінде дәл осындай факті** *(Исатай ауданы әкімі аппараты, Қамысқала ауылдық округінің әкімі аппараты)* уақытылы келісуді қамтамасыз етілмеген.

**Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінде дәл осындай факті** ББ жобалардың уақытылы келісуді қамтамасыз етілмеген.

**Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінде дәл осындай факті** ББ жобалардың Бөліммен келісілмеген.

**Махамбет аудандық экономика және қаржы бөлімінде дәл осындай факті** *(Махамбет аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі, Бақсай ауылдық округі әкімі аппараты, Ақтоғай ауылдық округі әкімі аппараты, Жалғансай ауылдық округі әкімі аппараты, Сарайшық ауылдық округі әкімі аппараты, Есбол ауылдық округі әкімі аппараты, Бейбарыс ауылдық округі әкімі аппараты, Алға ауылдық округі әкімі аппараты)* уақытылы келісуді қамтамасыз етілмеген.

**7. Индер аудандық экономика және қаржы бөлімінің** Ережесінің міндеттерінің 3-тармағы *«бюджетке кірістердің түсуіне талдау жасау, оның негізінде кірістің жиналуын жақсарту жөнінде ұсыныстар дайындау»* және 4 тармағы *«кірістер түсуінің болашақтағы және ағымдағы болжамын әзірлеу»*. Алайда бөліммен 2021 жылы бюджетке түсетін түсімдердің жоспардан артық орындалуы және 2021 жылға бюджетті қалыптастыру кезінде бюджетке өткен жылдары түскен төлемдер түсімдерінің динамикасын есепке алынбауына жол беріліп, Бюджет Кодексінің 4-бабының 3) - тармақшасының «Реалистік» қағидаты сақталмаған.

Дәл осындай рәсімдік сипаттағы бұзушылық **Исатай аудандық экономика және қаржы бөлімінде** орын алып отыр.

**8. Индер аудандық экономика және қаржы бөлімінде** «ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының



33-бабының 1-тармағының 10) тармақшасына және 35-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес аудан әкімі көзделген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдесу бөлігінде өкілеттіліктерді толық көлемде іске асырмаған.

**9. Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінде** Бюджет кодексінің 79-бабының 1-тармағындағы *«Жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімін іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулысы (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің шешімі) мәслихат жергілікті бюджетті бекіткеннен кейін күнтізбелік он төрт күннің ішінде қабылданады»*, - делінген талабы сақталмай, 2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулы мерзімінен 7 күнге кешіктіріліп, бекітілген. Ал 2021-2023 жылдарға арналған Мақат, Доссор кенттерінің және Бәйгетөбе ауылдық округінің бюджеттері туралы мәслихат шешімін іске асыру туралы қаулы мерзімінен Мақат кенті мен Бәйгетөбе ауылдық округінің бюджеттері 7 күнге, ал Доссор кенті бюджеттері 4 күнге кешіктіріліп бекітілген.

**Бюджетті нақтылау кезінде қысқартылған қаражаттарды талдау және бағалау бағытында** ББӘ тарапынан бюджет қаражытын тиімсіз жоспарлау және пайдалану фактілеріне жол берілген.

**10.** «Атырау облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесімен 279-007-015 бюджеттік бағдарламасынан 10 413,0 мың теңгеге қысқарту үшін ұсыныс берілген. Бастапқыда бұл қаржы бюджет әкімшісіне жыл басында жалпы құны 128 800,0 мың теңгені құрайтын *«Құрманғазы ауданы Азғыр аймағынан елді мекендерін электрмен жабдықтау үшін «Ганюшкино – Асан» ЭЖ-110 кв жоғарғы кернеулі желісінің құрылысына жобалық сметалық құжаттамаларды жасақтау»* үшін бекітіліп берілген. Аталған жоба 2017 жылдан бері ауыспалы түрде яғни, 2017-2019 жылдар аралығында жүзеге асырылуы тиіс. 2017 жылы – 100 000,0 мың теңге, 2018 жылы – 22 360,0 мың теңге, 2019 жылы – 6 440,0 мың теңге қаржы қаралған. Жобаның аяқталу мерзімі 2019 жылы көзделген және 2020, 2021 жылға ұзарту туралы ББӘ мен өнім беруші арасында келісім шарт жасакталмаған. 2021 жылы аталған жобаны іске асыру үшін Басқармаға 10 413,0 мың теңге бюджет қаражаты негізсіз бөлінген. Қазіргі таңда, бұл жоба объективті себептері болмағанына қарамастан толығымен тоқтатылып, бюджеттік бағдарламаның мақсатына сәйкес күтілетін түпкілікті нәтижелер орындалмай Бюджет Кодексінің 4-бабының 12) - тармақшасындағы *«Сабақтасстық принципі»* сақталмай **10 413,0 мың** теңге тиімсіз жоспарлануына жол беріліп, ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №990 «Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» қаулысында көзделген Шекара маңындағы ауылдық аумақтарды дамытудың орындалмау жағдайына жеткізілген және аталған жоба күні бүгінге дейін аяқталмаған яғни, бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтидежесіне қол жеткізілмеген. Бюджет Кодексінің 4-бабының 12) - тармақшасындағы *«Тиімділік»* қағидаты және 104-1 бабының талаптары сақталмай бюджеттік инвестицияларды іске

асырудан экономикалық әсердің болмауынан көрінген **128 800,0 мың теңге** бюджет қаражаты тиімсіз пайдаланылған.

**11.** Құрылыс басқармасымен 2021 жылғы 26 қарашада инвестициялық жобалар бойынша 561 214,0 мың теңге бюджет қаражаты қысқартылған. ББӘ 271-086-015 бюджеттік бағдарламасынан 221 429,0 мың теңге қысқартуға ұсыныс берілген. Бастапқыда бұл қаржы ББӘ-не бюджетті нақтылау кезінде 2021 жылғы 15 наурызда жобалау сметалық құжаттамалары әзірленіп 27.07.2018 жылы сараптамадан өткізілген *«Индер ауданы, Көктоғай ауылындағы 120 орындық Б.Нысанбаев атындағы орта мектепке жапсаржай құрылысын салу»* жобасын іске асыру үшін бекітіліп берілген. Аталған жоба 2021-2022 жылдар аралығында жүзеге асырылуы тиіс. 2021 жылы – 221 429,0 мың теңге, 2022 жылы – 128 519,22 мың теңге қаржы қаралған. Алайда, 2021 жылы аталған жобаны іске асыру барысында Құрылыс басқармасымен өнім берушілер арасындағы келісім шартты одан әрі орындау орынсыз болғандықтан тараптардың келісімі бойынша тоқтатылған. Себебі, құрылыс монтаждау жұмыстарына рұқсатнама алу кезінде аталған жобаға кешенді ведомстводан тыс сараптаманың уақытының 3 жыл өтіп кеткендігі анықталған. Бұл жағдай, ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі №299 *«Қаржыландыру көздеріне қарамастан, жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан барын өзгертуге (реконструкциялауға, кеңейтуге, техникалық қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және күрделі жөндеуге) арналған техникалық-экономикалық негіздемелерге және жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы»* бұйрығының 76-тармағының сақталмауы яғни, бекітілгеннен кейін ол бойынша үш жыл ішінде техникалық-экономикалық негіздеме әзірленбеген және бекітілмеген болса ескірген болып есептеледі әрі ҚР-ң сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жаңадан сараптама жүргізілгеннен және қайта бекітілгеннен кейін ғана іске асыру үшін пайдаланылады деп көзделген талабының сақталмағандығын білдіреді. Бұл Бюджет Кодексінің 4-бабының 8) - тармақшысындағы *«Нәтижелілік қағидаты»* бұзыла отырып **221 429,0 мың** теңге тиімсіз жоспарланған.

**12.** Құрылыс басқармасымен 271-086-015 бюджеттік бағдарламасынан 55 171,0 мың теңге қысқартылған. *«Атырау қаласындағы 11 мектеп үшін асхана кеңейтімін аяқтау»* жобасын іске асыру үшін бекітіліп берілген. Жобалау сметалық құжаттамаларда техникалық қадағалау қызметі көзделмеген. ҚР-ның 2001 жылғы 16 шілдедегі №242 *«ҚР-дағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы»* 34-1 - бабының 1-тармағының осы Заңның 33-бабының 6-тармағында және 74-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерді қоспағанда, барлық құрылыс объектілерінде міндетті түрде техникалық қадағалау жүзеге асырылады деп көзделген талабы бұзылған. Осының салдарынан жобаны іске асыру мүмкіндігі болмай ББӘ тарапынан бюджет қаржысы кері қайтарылып Бюджет Кодексінің 4-бабының 8) - тармақшасындағы *«Нәтижелілік қағидаты»* сақталмай **55 171,0 мың** теңге бюджет қаражаты тиімсіз жоспарланған.

**13.** Құрылыс басқармасымен 271-030-015 бюджеттік бағдарламасы 25.06.2021 жыл 250 000,0 мың теңге, 29.09.2021 жыл 27 164,0 мың теңге, 26.11.2021 жылы 138 831,0 мың теңге жалпы сомасы 411 995,0 мың теңге қысқартылған. Қысқартылған бюджет қаражатының себептері бюджетті нақтылау кезіндегі бюджеттік өтінімдерде 277 164,0 мың теңге үнемделген қаражат және 138 831,0 мың теңге жобаның келесі қаржы жылына ауыспалы болуына байланысты болып табылады. Жыл басында ББӘ-не 559 771,0 мың теңге 09.12.2020 жылы *«Исатай ауданы Аққыстау ауылында кәріз жүйелері мен имараттарының құрылысын салу»* жобасы үшін бекітіліп берілген. Аталған жоба 2017 жылдан бері ауыспалы түрде яғни, 2017-2021 жылдар аралығында жүзеге асырылуы тиіс. Нақтырақ айтқанда, 2017 жылы – 51 000,0 мың теңге, 2018 жылы – 300 174,0 мың теңге, 2019 жылы – 500 000,0 мың теңге, 2020 жылы – 1686 133,0 мың теңге, 2021 жылы – 282 606,3 мың теңге қаржы қаралған. Алайда, ББӘ тарапынан 2021 жылға жоба бойынша қалдық 282 606,3 мың теңге құрағанына қарамастан бюджетті бекіту кезінде 559 771,0 мың теңгеге сұраныс берілген. Осының салдарынан 277 164,0 мың бюджет қаражатын негізсіз жоспарлауға жол берілген. Негізсіз жоспарланған бюджет қаражаты маусым және қыркүйек айларында бюджетті нақтылау кезінде үнемделген қаражат деген себеппен қысқартылған. Сонымен қатар, 2021 жылы қараша айында бюджетті нақтылау кезінде жобаның аяқталмауына байланысты игерілмеу қаупі ескеріліп, 138 831,0 мың теңге бюджет қаражаты қысқартыла отырып жобаның аяқталу мерзімі 2022 жылға ұзартылып, Бюджет Кодексінің 4-бабының 12) - тармақшасының *«Тиімділік» қазидаты* және 104-1 бабының талаптары сақталмай бюджеттік инвестицияларды іске асырудан экономикалық әсердің болмауынан көрінген **415 995,0 мың теңге** бюджет қаражаты тиімсіз жоспарланған.

**14.** Құрылыс басқармасымен 271-086-015 бюджеттік бағдарламасынан 138 394,0 мың теңге 25.06.2021 жылы *«Атырау қаласы Дамбы ауылдық округінде 300 орындық мектеп құрылысын салу»* жобасы үшін бекітіліп берілген. Аталған жоба 2018 жылдан бері ауыспалы түрде яғни, 2018-2021 жылдар аралығында жүзеге асырылуы тиіс. Нақтырақ айтқанда, 2018 жылы – 100 000,0 мың теңге, 2019 жылы – 800 000,0 мың теңге, 2020 жылы – 450 000,0 мың теңге, 2021 жылы – 133 680, мың теңге, 2022 жылы – 4 714,0 мың теңге қаржы қаралған. Алайда, 26.11.2021 жылы 138 394,0 мың теңге қысқартылған. Қысқартылған бюджет қаражатының себебі өнім берушімен арадағы келісім шарттың бұзылуына орай деп көрсетілген. Ал, нақтысына келгенде мемлекеттік сатып алудың веб порталында тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы келісім шарт бұзылмаған күні бүгінге дейін күшінде болып табылды. Осыған қарамастан, бюджет әкімшісімен аудит объектісі тарапынан бюджет қаражатын негізсіз қысқартуға жол берілген. Сонымен қатар, аталған жобаның аяқталу уақыты 28.12.2017 жылғы №ЭСП-0272/17 сараптама қорытындысына сәйкес 10 айды құраған яғни, құрылыс жұмыстары 2019 жылы аяқталуы тиіс. Алайда, аталған жоба күні бүгінге дейін аяқталмай Бюджет Кодексінің 4-бабының 12) - тармақшасындағы *«Тиімділік» қазидаты* және 104-1 бабының талаптары сақталмай бюджеттік инвестицияларды іске асырудан экономикалық әсердің болмауынан көрінген **138 394,0 мың теңге** бюджет қаражаты тиімсіз жоспарланған.

**15.** Ауыл шаруашылығы басқармасы 09.12.2020 жылы 2021 қаржы жылында 255-050-011 «Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу» бюджеттік бағдарламасына республикалық трансферттер есебінен 1 818 792,00 мың теңге бөлінген. Бөлінген бюджет қаражатының мақсаты агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығындардың бір бөлігін инвестициялық өтеу яғни агроөнеркәсіп субъектілерін субсидиялау. Жоспарланған 1 818 792,0 мың теңгені талдайтын болсақ, ауыл шаруашылығы кооперативтеріне машиналар мен жабдықтар сатып алуға 100 000,0 мың теңге, танымал ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға 80 000,0 мың теңге, жайылымдарды суландыру инфрақұрылымы үшін машиналар мен жабдықтарды сатып алуға 150 000,0 мың теңге, ауыл шаруашылығы жануарларын өсіруге арналған машиналар мен жабдықтар сатып алуға 298 000,0 мың теңге, ет өнімдерін өңдеу, жинау, тасымалдау, тері мен жүнді бастапқы өңдеу бойынша объектілерді құру және кеңейтуге 215 000,0 мың теңге, бие, түйе және ешкі сүтін өңдеуге арналған машиналар мен жабдықтарды алуға 312 792,0 мың теңге, суару жүйелерін құру және кеңейтуге 145 000,0 мың теңге, сүт өнімдерін қайта өңдеу, дайындау, тасымалдау объектілерін құру және кеңейтуге 518 000,0 мың теңге жоспарланған. Алайда, аталған есептеулер негіздемелерімен және міндетті түрде шығыстардың әрбір түрі бойынша ашып жазыла отырып берілуі қамтамасыз етілмеген. Осының салдарынан 2021 жылы аталған бағдарламаны іске асыру үшін Ауыл шаруашылығы басқармасымен 1 818 792,0 мың теңге бюджет қаражаты негізсіз жоспарланған. Жыл ішінде жоспарланған 1 818 792,0 мың теңгенің 26.11.2021 жылы 1 333 792,0 мың теңге 13.12.2021 жылы 210 000,0 мың теңге бюджет қаражаты қысқартылған. Себебі, кейбір шаруа қожалықтары жоспарланған объектілерді пайдалануға беру бойынша міндеттемелерді мерзімінде орындамағандықтан, жылыжай кешендері субсидиялау критерийіне, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2018 жылғы 23 шілдедегі №317 «Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 1-қосымшасындағы 31-тармақтың «Өндірістік қуатын жылына 50 миллион жұмыртқадан бастап ұлғайтылатын жұмыртқалық құс фабрикаларын кеңейту» критерийлеріне сәйкес келмеуінен болып табылады. Бұл жерде бюджет қаражатын жоспарлау барысында агроөнеркәсіп субъектілерінің жай күйі толық талданбағандығы айқын көрінеді. Осылайша ББӘ тарапынан Бюджет Кодексінің 4-бабының б) - тармақшасының «Нәтижелілік» қағидаты сақталмай **1 818 792,0 мың** теңге бюджет қаражаты тиімсіз жоспарлануына жол берілген.

**16.** Кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы 09.12.2020 жылы 2021 жылға 266-006-005 «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру» бюджеттік бағдарламасына 3 516 429,0 мың теңге бөлінген. Бөлінген бюджет қаражатының мақсаты азаматтарды кәсіпкерлікке тарту яғни облыс бойынша азаматтардан жиналған өтінімдердің тізіміне сәйкес 252 кәсіпкерлік нысан құрылып, онда 134 жұмыс орны ашылу көзделген. Алайда, жыл ішінде, жоспарлы 3 516 429,0 мың теңгенің 15.03.2021 жылы 2 704 945,0 мың теңге, 25.06.2021 жылы 34 384 мың теңге және 26.11.2021 жылы 777 100,0 мың теңгесі қысқартылған. Осы аталған 3 516 429,0 мың теңге бюджет қаражаты

объективті себептер болмасада қысқартуға жол беріліп Бюджет Кодексінің 4-бабының 6-тармақшасындағы *«Нәтижелілік» қағидаты* сақталмай **3 516 429,0** мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз жоспарлануына жол берілген.

**17.** 29.03.2022 жылы Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасынан 279-113-015 бюджеттік бағдарламасынан 646 989,0 мың теңгеге қысқартылған. Бастапқыда бұл қаржы ББӨ-не жыл басындағы 13.12.2021 жылғы жалпы құны 9 196 797,3 мың теңгені құрайтын *«Атырау қаласындағы көше жарығы желілерінің құрылысын салу және пайдалану (ұзындығы – 148 525 метр)»* мемлекеттік – жекешелік әріптестік жобасын жүзеге асыру үшін бекітіліп берілген. *Жекешелік әріптестік жобасының мемлекеттік міндеттемелері 2 кезеңге 5 жыл мерзімге бөлінген. Атап айтқанда 2022 жылы – 1 052 723,3 мың теңге, 2023 жылы – 2 159 039,1 мың теңге, 2024 жылы – 2 035 573,4 мың теңге, 2025 жылы – 1 917 954,2 мың теңге, 2026 жылы – 1 209 454,3 мың теңге қаралған.* Осыған сәйкес, Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен 2022-2024 жылдарға арналған бюджетті бекіту кезінде 279-113-015 бюджеттік бағдарламасынан 1 228 666,0 мың теңге жоспарланған. Алайда, 25.06.2021 жылы 15.03.2021 жылғы өзгеріс енгізе отырып ЖӘЖ мемлекеттік міндеттемелерінің кестесіне 6 жылға ұзартыла отырып өзгерістер енгізілген. *Атап айтқанда, 2022 жылы – 581 674,6 мың теңге, 2023 жылы – 1 912 361,3 мың теңге, 2024 жылы – 1 814 443,3 мың теңге, 2025 жылы – 1 721 299,6 мың теңге, 2026 жылы – 1 624 282,5 мың теңге, 2027 жылы – 1 542 735,9 мың теңге қаралған.* Осының салдарынан 2022-2024 жылдарға арналған бюджетті нақтылау кезінде 646 989,0 мың теңгені қысқартуға ұсыныс берілген. Мәслихат шешімінің 25.06.2021 жылы шығарылғанын ескерсек 2021 жылы желтоқсан айында 2022-2024 жылдарға арналған облыстық бюджетті бекіту кезінде артық негізсіз жоспарлауға жол беріліп Бюджет Кодексінің» 4-бабының 9-тармақшасындағы *«Негізділік» принципі* сақталмай **646 989,0** мың теңге тиімсіз және негізсіз жоспарланған.

**18.** Атырау қаласында қалалық мәслихатының 15.12.2020 жылғы шешіміне сәйкес 458-023-015 «Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша *Балықшы-Жұмыскер көпіріне жәй жөндеу жұмыстарын жүзеге асыру* үшін 279 000,0 мың теңге жоспарланған. Кейін жұмыстардың атауы өзгеруіне байланысты, қалалық мәслихатының 31.03.2021 жылы шешіміне сәйкес жоспарланған 279 000,0 мың теңге 458-045-015 «Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу» бюджеттік бағдарламасына ауыстырылған. Бұл өз кезегінде бюджеттік бағдарламаның уақытылы іске асырылуына кері әсерін тигізу мүмкіндігін күшейтеді. Яғни, бюджеттік бағдарлама әкімшісі (Бұдан әрі – ББӨ) және бюджетті жоспарлауға уәкілетті орган тарапынан тиісті деңгейде бағдарламаны дұрыс таңдау қамтамасыз етілмеген.

**19.** Аталған жұмыстарды атқару мақсатында қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі және «Атырауинжстрой-АИС» ЖШС арасында

12.05.2021 жылы жалпы сомасы 268 248,5 мың теңгеге келісім-шарт жасақталған. Алайда, жұмыстар бойынша нақты шығын 100 000,0 мың теңгені құраған. 135 970,0 мың теңге және 43 030,0 мың теңге қысқартылып, нәтижесінде 07.10.2021 жылы келісім-шарт бұзылған. Жасалған жұмыстардың нәтижесімен, қазіргі уақытта, Балықшы кентіндегі Жайық өзені арқылы өтетін көпір өткелінің автомобиль жолдары қолданысқа беріліп, өз функциясын атқаруда. Яғни, аталған жұмыстардың нақты шығыны 100 000,0 мың теңге бола тұра бюджеттен 279 000,0 мың теңге жоспарланып нәтижесінде, Бюджет Кодексінің 4-бабының 3,12) - тармақшаларында көзделген «реалистік» және «тиімділік» принциптері сақталмай, 2021 жылы **179 000,0 мың теңге тиімсіз жоспарланған.**

**20.** 458-048-015 «Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту» *бюджеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында алаңдарды реконструкциялау (Құрманғазы, Мұқашев, Смағұлов, Д.Нұрпейісова)* жұмыстарын атқару үшін 26.09.2019 жылғы №190 (құны 38 685,2 мың теңге), 04.10.2019 жылғы №196 (құны 216 331,0 мың теңге), 03.10.2019 жылғы №197 (құны 305 880,5 мың теңге), 04.10.2019 жылғы №198 (құны 194 657,2 мың теңге) жылғы келісім шарт жасақталған. Аталған жұмыстардың 2021 жылғы шығыстары үшін 15.12.2020 жылғы 286 411,0 мың теңге жоспарланған, 30.06.2021 жылғы нысанға түзетулер енгізілуіне байланысты 192 000,0 мың теңге қысқартылған. Нақты орындалысы 94 411,0 мың теңгені құраған. Атырау қаласындағы Д.Нұрпейісова алаңы 28.12.2020 жылы, ал Мұқашев, Смағұлов, Құрманғазы алаңдары 30.09.2021 жылы қолданысқа берілген. Яғни, аталған жұмыстардың 2021 жылға нақты шығыны 94 411,0 мың теңге бола тұра бюджеттен 286 411,0 мың теңге жоспарланып нәтижесінде, Бюджет Кодексінің 4-бабының 3,12) - тармақшаларында көзделген «реалистік» және «тиімділік» принциптері сақталмай, **192 000,0 мың теңге тиімсіз жоспарланған.**

**21.** 458-001-015 «Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша *«Балықшы мөлтек ауданындағы саябаққа, Геолог елді мекеніндегі саябаққа, Жұмыскер ауылындағы мектепке, Атырау қаласындағы жаңа жағалауға, Жеңіс саябағына бейнебақылаулар орнатуға»* 44 297,0 мың теңге жоспарланған. 11.10.2021 жылғы жоспарланған 44 297,0 мың теңге 458-018-015 «Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасына ауыстырылған. Кейін, игерілмеуіне байланысты 30.11.2021 жылғы толықтай қысқартылып, Бюджет кодексінің 4-бабының 3,12) - тармақшаларында көзделген «реалистік» және «тиімділік» принциптері сақталмай, 2021 жылы **44 297,0 мың теңге тиімсіз жоспарланған.**

**22.** 458-045-015 «Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу» бюджеттік

бағдарламасы бойынша **«Аламалы ауылының ауылішілік автомобиль жолдарын күрделі жөндеуден өткізу»** жұмысын алдын ала бастау үшін 200 000,0 мың теңге жоспарланған. 11.10.2021 жылғы нысан бойынша жоба-сметалық құжаттамалары сараптамаға енгізілмеу салдарынан жоспарланған қаржыны игермеу қауіпі туындауына байланысты 150 000,0 мың теңге қысқартылып, 49 999,0 мың теңге 452-022-015 «Көлік инфрақұрылымын дамыту» бюджеттік бағдарламасына ауыстырылған. Кейін, игерілмеуіне байланысты 30.11.2021 жылғы толықтай қысқартылып Бюджет кодексінің 4-бабының 3,12) - тармақшаларында көзделген «реалистік» және «тиімділік» принциптері сақталмай, 2021 жылы **199 999,0 мың теңге** тиімсіз жоспарланған.

**23.** 458-065-015 **«Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту»** бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 481 935,0 мың теңге жоспарланған. 11.10.2021 жылғы 458-081-015 «Кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру» бюджеттік бағдарламасына ауыстырылған. Есепті кезеңде толықтай игерілген. Яғни, ББӘ және бюджетті жоспарлауға уәкілетті орган тарапынан тиісті деңгейде бағдарламаны дұрыс таңдау қамтамасыз етілмей Бюджет кодексінің 4-бабының 3) - тармақшасында көзделген «реалистік» принципі сақталмаған.

**24.** 15.12.2020 жылғы 458-008-015 **«Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу»** бюджеттік бағдарламасы шеңберінде 8 836 860,0 мың теңге жоспарлаған. Кейін 31.03.2021 жылғы қосымша 1 266 204,0 мың теңге қосымша қаражат жоспарланып, бағдарлама бойынша жалпы жоспарланған қаражат 10 103 064,0 мың теңгені құраған. Алайда, 30.06.2021 жылғы бағдарлама бойынша 1 266 204,0 мың теңге қайта қысқартылып Бюджет кодексінің 4-бабының 3,12) - тармақшаларында көзделген «реалистік» және «тиімділік» принциптері сақталмай, 2021 жылы **1 266 204,0 мың теңге** тиімсіз жоспарланған.

**25.** Атырау қалалық бюджетін 2021 жылы жоспарлау кезінде бірнеше нақтылаулар енгізіліп, тиімсіз жоспарлау нәтижесінде 1 881 500,0 мың теңге қысқартылған. Бұл аудит объектісі тарапынан бюджеттік жоспарлау кезінде тиімсіз жоспарлауға жол берілгендігін көрсетті. Ал аудит объектісінің Ереженің 14-тармағының 10-тармақшасында «қалалық ББӘ-нің бюджеттік өтінімдерін және бюджеттік бағдарламаларын қарау» делінген талаптары тиісті деңгейде жүзеге асырылмаған.

**26.** Құрманғазы аудандық экономика және қаржы бөлімі бойынша Құрманғазы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі тарапынан **«Ақкөл-Қызылоба-Жыланды-4 разъезд-Қизаш автомобиль жолын реконструкциялау»** жобасы бойынша Бюджет кодексінің 4-бабының 6) - тармақшасындағы **«нәтижелілік» қазидаты**

12) - тармақшасы *«тиімділік»* және осы кодекстің 104-1 бабының *«Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын, бюджеттік инвестицияларды іске асырудан экономикалық әсердің болмауынан көрінген»* талаптары сақталмай, аудит объектісімен жалпы сомасы **20 000,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлануына жол берілген.

Дәл осындай фактілер, Құрманғазы ауданы, Көптоғай ауылдық округі әкімі аппаратында *«Көптоғай ауылындағы паромға жай жөндеу»* жұмысы бойынша жалпы сомасы **20 671,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлануына жол берілген.

**27.** Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылдық округі әкімі аппаратында *«Құрманғазы ауылы Атырау көшесі бойынша электр желілеріне ағымдағы жөндеу»* жұмысы бойынша жалпы сомасы **8 192,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлануына жол берілген.

**28.** Құрманғазы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінде *«Құрманғазы ауданы Азғыр ауылына 100 орындық мәдениет үйінің құрылысы»* жұмысы бойынша жалпы сомасы **67 900,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлануына жол берілген.

**29.** Құрманғазы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінде *«Атырау облысы Құрманғазы ауданының Құрманғазы ауылындағы инженерлік коммуникациялық инфрақұрылым құрылысы»* жобасы бойынша жалпы сомасы **80 000,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлануына жол берілген.

**30.** Мақаш ауылдық округ әкімі аппаратымен *«Шабыт мәдениет үйіне дизелгенератор сатып алуға»* жобасы бойынша жалпы сомасы **4 200,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлануына жол беріліп аталған бұзушылықтарды саралай келе аудит объектісі тарапынан Құрманғазы ауданы әкімдігінің 18.06.2018 жылғы №213 қаулысымен бекітілген Ережесінің 15-тармағында көзделген миссиясының бірі *«ауданның тұрақты экономикалық өсуіне және бәсекелестік қабілетінің сапалы жаңа деңгейіне жетуіне себеп болатын, әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асыру, бюджеттік қаражатты жоспарлау және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету»* деп көзделген талабы толық жүзеге асырылмағандығын көрсетті.

**31.** Исатай аудандық экономика және қаржы бөлімінде ББӘ Исатай аудандық құрылыс бөлімі мен мердігер «АС Құрылыс» ЖШС арасында жасалған 04.08.2021 жылғы №38 (екі жылдық) келісім шартына сәйкес *«Исатай ауданы Тұщықұдық ауылында спорттық-сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстарының»* жобасы бойынша жер асты су деңгейі 1,60 м деп көрсетілген, алайда құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында су деңгейі 0,70 м болып анықталған. Яғни, тапсырыс беруші, мердігер, авторлық қадағалаушы және техникалық қадағалаушы мекеме өкілдерінің қатысуымен техникалық кеңес өткізіліп, аталған құрылыс жұмыстарының тоқтатылып, жобаға өзгеріс енгізу керектігі жөнінде шешім қабылдап, жыл аяғында қысқартылған. Алайда, дәл осы құрылыс жобасы бойынша ешқандай өзгерістер енгізілмей, тиісті мекеме өкілдерімен қорытындысы берілмеуіне қарамастан, 2022 жылдың жоспарына салынып, қаражат бөлінген. ББӘ



тарапынан Бюджет кодексінің» 4-бабының б) - тармақшасындағы «нәтижелілік» қағидаты 12) - тармақшасы «тиімділік» қағидаты және осы кодекстің 104-1 - бабының «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын, бюджеттік инвестицияларды іске асырудан экономикалық әсердің болмауынан көрінген» - делінген талаптары сақталмай, аудит объектісімен жалпы сомасы **159 150,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға жол беріліп, аудит объектісі тарапынан Исатай ауданы әкімдігінің 30.07.2013 жылғы №141 қаулысымен бекітілген Ережесінің 15-тармағында көзделген миссиясының бірі «ауданның бюджет саясатының негізгі басымдықтарын бюджеттік жоспарлау және қалыптастыру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру» деп көзделген талабы жүзеге асырылмаған.

**32. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінде,** Қызылқоға аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімімен «Қызылқоға ауданы Мұқыр ауылының кірме және ауылішілік жолын қайта жаңғырту» жобасы бойынша 23.12.2020 жылы 150 000,0 мың теңге қаржы бөлінген. Алайда, жұмыстың баяу, жоспарға сәйкес жүргізілмеуіне байланысты, 12.10.2021 жылы 143 395,0 мың теңге қысқартылып, Бюджет кодексінің 4-бабының б) – тармақшасы «нәтижелілік» қағидаты, 12) – тармақшасы «тиімділік» қағидаты және осы кодекстің 104-1 бабының «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын, бюджеттік инвестицияларды іске асырудан экономикалық әсердің болмауынан көрінген» делінген талаптары сақталмай, **143 395,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлануына жол берілген.

**33.** Осыған ұқсас, «Қызылқоға ауданы Сағыз ауылының (3 ауылға) ауылішілік жолын, тротуармен қоса қайта жаңғырту» жұмысы бойынша **226 403,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлануына жол берілген.

**34.** «Қызылқоға ауданының Миялы ауылындағы орталық стадионды реконструкциялау» жобасын іске асыру үшін 467-079-032 бағдарламасы бойынша Қызылқоға ауданы әкімдігінің 17 маусымдағы №89 санды қаулысы негізінде жалпы сомасы 217 000,0 мың теңге бөлінген. Алайда, Қызылқоға ауданының Миялы ауылындағы орталық стадионды реконструкциялау жоспарға сәйкес жасалған жұмыстардың болмауына байланысты, **70 000,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлануына жол берілген.

**35.** Осындай жолмен, Сағыз ауылдық округі әкімі аппаратымен «Қызылқоға ауданы Сағыз ауылынан көше жарықшамдарының (жаяу жүргіншілер жолымен бірге) құрылысы» жобасы бойынша жалпы сомасы **30 000,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлап, жалпы аудит объектісі тарапынан Қызылқоға ауданы әкімдігінің 20.04.2017 жылғы №86 қаулысымен бекітілген Ережесінің 14 тармағында көзделген миссиясында «ауданның тұрақты экономикалық өсуіне және бәсекелестік қабілетінің сапалы жаңа деңгейіне жетуіне себеп болатын, әлеуметтік – экономикалық саясатты жүзеге асыру, бюджеттік қаражатты жоспарлау және пайдалануды қамтамасыз ету» деп көзделген талабы жүзеге асырылмаған.

**36.** Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінде өзінің негізгі міндеті ауданның бюджетін жоспарлау жұмыстарын тиісінше

ұйымдастыруды қамтамасыз етпеу салдарынан, Бюджет Кодексінің 4-бабының 9) - тармақшасындағы «Негізділік» принципі және Кодексінің 3-бабының 12-4 - тармағындағы «Бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану–бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жоспарлау және (немесе) пайдалану», - делінген талаптары сақталмай, 2021 жылы ББӘ-нің балансында есепте тұрмайтын объектілерді күтіп-ұстауға **12 896,0 мың** теңге, 2022 жылы ББӘ-нің балансында есепте тұрмайтын объектілерді күтіп-ұстауға **5 800,0 мың** теңге бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлауға жол берген. Бюджет Кодексінің 104-1-бабында «Мыналардан...егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің балансында есепте тұрмайтын объектілерді күтіп-ұстауға арналған бюджет қаражатын жұмсаудан бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлаганы және (немесе) тиімсіз пайдаланғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді».

**37.** 459-099-015 бағдарлама шеңберінде «Фондқа агенттік қызмет көрсеткені үшін және банктік қызмет үшін» Бюджет Кодексінің 4-бабы 8) тармақшасының «Сабақтастық принципі, 4-бабы 9) тармақшасының «Негізділік принципі Бюджет Кодексінің 67-бабының 12-тармағының «Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік өтінімдегі ақпарат пен есеп-қисаптардың толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етеді» делінген талаптары сақталмамай, нәтижесінде Бюджет Кодексінің 3-бабының 1-тармағының 12-4) тармақшасына сәйкес тиімсіз жоспарлау сомасы **208 337,0 мың теңгегені құрады.**

**38.** Бөлім өзінің негізгі міндеті ауданның бюджетін жоспарлау жұмыстарын тиісінше ұйымдастыруды қамтамасыз етпеу салдарынан, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 25 мамырдағы №108 «Орталық, жергілікті мемлекеттік органдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шығыстарын қысқарту жөніндегі шаралар туралы» Өкімінде Бюджет қаражатын тиімді жұмсау және үнемдеу режимін күшейту мақсатында: 1-тармағының «Барлық орталық атқарушы органдар мен оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерге, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар мен оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерге, жергілікті атқарушы органдар мен оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерге 3 жыл мерзімге» 3) тармақшасында «кеңсе жиһазын сатып алуға тыйым салынсын», - делінген талабы сақталмай және Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 3-бабының 12-4) тармақшасындағы «Бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану–бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жоспарлау және (немесе) пайдалану» делінген талабы сақталмай, 2021 жылы Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімімен **3 015,0 мың теңгеге** кеңсе жиһаздарын сатып алуға, яғни бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануға жол берген.

**39.** Махамбет аудандық экономика және қаржы бөлімі бойынша Махамбет аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі тарапынан

Бюджет кодексінің «нәтижелілік» және «тиімділік» қағидаттары сақталмай **2 600,0 мың теңге** бюджет қаражаты тиімсіз жоспарлануына жол берілген.

**40. «Махамбет ауылы аумағынан жасыл аймақ құру үшін жобалау-сметалық құжаттама жасақтау»** бойынша жергілікті бюджеттен қаралған 3 000,0 мың теңге жер телімі құжаттарын заңдастыру жұмыстарының жоспарлы аяқталмай, нәтижеге қол жеткізілмеуі ықтималдылығына байланысты қысқартылып, Махамбет аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі тарапынан Бюджет кодексінің 4-бабының б) - тармақшасы «нәтижелілік» қағидаты сақталмай **3 000,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлануына жол берілген.

**41. «Алға ауылының Ақсай және Тегішіл көшелеріне көше жарығын жүргізу құрылысына жобалау-сметалық құжаттама жасақтау»** бойынша жергілікті бюджеттен қаралған 2 124,0 мың теңге "Атырау Жарық" АҚ тарапынан техникалық шарттарды келісу барысында кедергілер туындап, нәтижеге қол жеткізілмеуі ықтималдылығына байланысты қысқартылып, Махамбет аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі тарапынан Бюджет кодексінің 4-бабының б-тармақшасында «нәтижелілік» қағидаты сақталмай **2 124,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлануына жол берілген. Жоғарыда аталған бұзушылықтар тиісті қаржы жылындағы бюджетті жоспарлау барысында келіп түскен бюджеттік өтінімдердің талданбауынан туындағанын және аудит объектісі тарапынан Махамбет ауданы әкімдігінің 27.11.2013 жылғы №631 қаулысымен бекітілген Ережесінің 13 тармағында көзделген миссиясында «*тиімділік және нәтижелілік индикаторларына негізделген аудандық бюджеттің атқарылуын және ауданның коммуналдық меншігін тиімді басқаруды ұйымдастыру*» деп көзделген талабы жүзеге асырылмаған.

**42. Жылыой аудандық экономика және қаржы бөлімі бойынша** Қаратон, Жем, Қара-Арна, Қосшағыл, Ақкиізтоғай және Майкөмген ауылдық округі әкімі аппаратында жалпы сомасы 9 300,0 мың теңге қаражатты артық сұратып, ББӘ тарапынан Бюджет Кодексінің 4-бабының 12) - тармақшасындағы «тиімділік» қағидаты сақталмай **9 300,0 мың теңге** жоспарлаған.

**43. ББӘ Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі тарапынан** ҚР-ның 1999 жылғы 1 шілдедегі №409 «Азаматтық Кодексі» (ерекше бөлімінің) 651-бабының 1-тармағының *Құрылыс мердігерлігінің шарты бойынша мердігер тапсырысшының тапсырмасы бойынша шартта белгіленген мерзімде белгілі бір объектіні салуға не өзге де құрылыс жұмысын орындауға міндеттенеді, ал тапсырысшы мердігерге жұмысты орындауы үшін қажетті жағдайлар жасауға, оның нәтижесін қабылдап алуға және ол үшін келісілген бағаны төлеуге міндеттенеді* деп көзделген талабы бұзыла отырып, 15.07.2021 жылғы №29 келісім шартты бюджет қаражатын толық игеру мақсатында бір жақты негізсіз бұзылған және

Бюджет Кодексінің 104-1 - бабының «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын, бюджеттік инвестицияларды іске асырудан экономикалық әсердің болмауынан көрінген» **34 700,0 мың теңге** бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлаған.

**44.** ББӘ - мен 2021 қаржы жылында 801-010-011 «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек» бюджеттік бағдарламасынан 23 738,0 мың теңге жоспарланған. Оның ішінде 18 747,0 мың теңге мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті 412 адамға төлеу үшін, 4 991,0 мың теңге кепілдік берілген әлеуметтік топтамамен 517 қамту үшін жоспарланған. Ал, 2020 жылы нақты мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекпен 275 адам, кепілдік берілген әлеуметтік топтамамен 296 адам қамтылғанын ескерсек, 2021 жылы бұл көрсеткіш тым артық жоспарланған және ауданда атаулы әлеуметтік көмек алатын тіркелушілер қатарының нақты саны 284 адам болса кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы алушылар қатары 214 адамды құраған. Осының салдарынан 2021 жылы республикалық бюджеттен бөлінген трансферттер игерілмейтін болғандықтан 11 008,0 мың теңге кері қайтарылған. Осының салдарынан күтілетін нәтиже толық жүзеге асырылмай ББӘ Жылыой аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және хал актілер тіркеу бөлімімен Бюджет Кодексінің 4-бабының 12) - тармақшасындағы «тиімділік» қағидаты сақталмай **11 008,0 мың теңге** республикалық трансферттер есебінен бөлінетін бюджет қаржысы тиімсіз жоспарланған.

**45. Индер аудандық экономика және қаржы бөлімі бойынша Индер аудандық құрылыс бөлімімен облыстық бюджеттің ішкі көздерінің қаражатынан берілетін кредиттер есебінен «Индер ауданы Индербор кенті Көктем шағын ауданында 80 пәтерлі 5 қабатты 10 тұрғын үйдің құрылысы сыртқы желілерсіз және жетілдірісіз 7.1 позициялы тұрғын үй құрылысы»** жобасы бойынша нарықтағы құрылыс материалдарының күрт өсуінен жоба қайта түзетуге енгізілуіне байланысты Атырау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 6 желтоқсандағы №278 қаулысы негізінде аудан бюджетіне түзетулер енізіліп, Индер ауданы әкімдігінің 8.12.2021 жылғы №234 қаулысына сәйкес жоғарыда аталған жобаға облыстық бюджеттің ішкі көздері есебінен бөлінген бюджет қаражатының **400 000,0 мың теңгесі** кері қайтарылып тиімсіз жоспарланған.

**Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының сақталуын талдау бағытында**

**46.** Аудит объектісі болып табылатын Экономика және бюджетті жоспарлау басқарамысына берілген Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, Құрылыс, Білім беру басқармаларынан қабылданған өтінімдерінде ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту» туралы бұйрығының (бұдан әрі - Қағида) 45-тармағындағы «ел ішінде және елден тысқары жерлерге қызметтік іссапарларға жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ағымдағы жылға арналған іссапарлардың бекітілген жоспарларын және жоспарлы кезеңге арналған іссапарлар жоспарларының жобаларын ұсынады» деген талабы назарға алынбай бюджеттік

өтінімге іссапар жобалары қоса ұсынылмаған және Кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасымен ұсынылған бюджет өтінімге сұратылған қаражаттың есептемелері мен негіздемелері қоса берілмеген. Бұған қарамастан бюджеттік өтінім бюджеттік комиссияда қолдау тауып қаржыландырылып, ББӨ тарапынан Қағиданың 48-тармағындағы 169 «Өзге де нысаналы шығыстар» ерекшелігі бойынша есептерге шығыстардың әрбір түрі бойынша тиісті құжаттар мен негіздемелер қоса беріледі» деп көзделген талабы сақталмағандығын көрсетіп отыр.

**47.** Аудит объектісі болып табылатын **қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне** ББӨ тарапынан ұсынылған кейбір бюджеттік өтінімдерде түсіндірме жазбасы тиісті деңгейде толтырылмай ББӨ тарапынан Қағиданының 69-тармағының талаптары сақталмағандығы анықталды.

**48.** Аудит объектісі болып табылатын **Құрманғазы аудандық экономика және қаржы бөлімінде** Бюджет Кодексінің 67-бабының 12-тармағының «Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік өтінімдегі ақпарат пен есеп-қисаптардың толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етеді» және Қағиданың 43-тармағына сай «**01-161-нысан** (51-қосымша) ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар шығыстарды есептеуге арналған. 51-қосымшаны мемлекеттік мекемелер 136 «Техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жүріп-тұруы», 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік жүріп-тұруы» ерекшеліктері бойынша шығыстарды есептеу кезінде қолданады» және осы Қағиданың 45-тармағына сай «Ел ішінде және елден тысқары жерлерге қызметтік іссапарларға жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ағымдағы жылға арналған іссапарлардың бекітілген жоспарларын және жоспарлы кезеңге арналған іссапарлар жоспарларының жобаларын ұсынады» делінген талаптары сақталмаған.

**49.** Еңбекші ауылдық округінің әкімі аппараты тарапынан Бюджет Кодексінің 3-бабы 12-4) тармақшасының «бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану – бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жоспарлау және (немесе) пайдалану» және 05.01.2021 жылы №23797 Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқарудың шартының 3.2-тармағының 20) тармақшасының 5-абзацының «сенімгерлік басқарушы пайдалануындағы объектіде пайда болған техникалық ақауларды өз күшімен жөндеуі қажет» делінген талаптары сақталмай және аудит объектісі тарапынан Құрманғазы ауданы әкімдігінің 18.06.2018 жылғы №213 қаулысымен бекітілген Ережесінің 15-тармағында көзделген миссиясының бірі «ауданның тұрақты экономикалық өсуіне және бәсекелестік қабілетінің сапалы жаңа деңгейіне жетуіне себеп болатын, әлеуметтік-экономикалық саясатты жүзеге асыру, бюджеттік қаражатты жоспарлау және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету» деп көзделген талабы толық жүзеге асырылмаған.

**50.** Индер аудандық экономика және қаржы бөлімінде 2021 жыл жағдайына АИ-92 маркалы бензиніне бағалар мониторингісіне сәйкес 131-142 теңге аралығында көзделген. Индер аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімімен «Меркурий Retail» ЖШС-мен АИ-92 маркалы бензин 1 литрі 170 теңгеге ұсынылған прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан. Индер аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімімен «Меркурий Retail» ЖШС-мен АИ-92 маркалы бензин 1 литрі 153 теңгеге ұсынылған

прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан. Бөлім Ережесінің миссиясы: *«бұл мемлекеттік жоспарлау жүйесін іске асыру мақсатында жергілікті мемлекеттік мекемелердің қызметтерін қамтамасыз ету үшін бюджеттік қаражатты мезгілінде және тиімді жоспарлауды ұйымдастыру, сонымен бірге әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру мақсатында Индер ауданының тұрақты экономикалық өсуіне қолдау көрсету»*. Алайда аудит объектісімен 2021 жыл жағдайына бағалар мониторингісі ескерілмей, бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланбау жағдайларының орын алуына жол беріліп, Бюджет кодексінің 4-бабының 12) - тармақшасындағы *«тиімділік» қағидаты сақталмаған*.

Дәл осындай рәсімдік сипаттаға бұзушылық **Исатай аудандық экономика және қаржы бөлімінде** ауданы бойынша 2021 жыл жағдайына ҚР Туының бағалар мониторингісінің орташа есебіне сәйкес 2200-2300 теңге аралығында көзделген. Алайда, Қамысқала ауылдық округі әкімінің аппараты ЖК «ПРИНТ МАСТЕР» Г.В.Тарабанько атынан тудың бірлік бағасы 2 600 теңгеге ұсынылған прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан. Дәл осындай жағдай Зинеден ауылдық округі әкімінің аппараты ЖК «Шкуропатовна Татьяна Владимировна» атынан тудың бірлік бағасы 3 470 теңге ұсынылған прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан. Осы тектес, Исатай ауданы бойынша 2021 жыл жағдайына АИ-92 маркалы бензиніне бағалар мониторингісінің орташа есебіне сәйкес 140-164 теңге аралығында көзделген. Алайда, Исатай аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі мемлекеттік мекемесі «АЗС-Бекзат» ЖШС атынан АИ-92 маркалы бензин 1 литрі 173 теңгеге ұсынылған прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан. Сондай-ақ, Исатай аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі мемлекеттік мекемесі «АЗС-Бекзат» ЖШС атынан АИ-92 маркалы бензинін 1 литрі 170 теңгеге ұсынылған прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан. Бұдан басқа, Исатай ауданы бойынша 2021 жыл жағдайына А4 500 бетті қағаз бағалар мониторингісінің орташа есебіне сәйкес 1 269 - 1 496 теңге аралығында көзделген. Яғни, Исатай ауылдық округі әкімінің аппараты ЖК «Бедел» А.Ш.Бисенғалиев атынан А4 500 бетті қағаз бір бумасы 1 548 теңгеге ұсынылған прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан. Сондай-ақ, Тұщықұдық ауылдық округі әкімінің аппараты ЖК «Бедел» А.Ш.Бисенғалиев атынан А4 500 бетті қағаз бір будасы 1 529 теңге ұсынылған прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан.

**51. Исатай, Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінде** ҚР Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту» туралы бұйрығының 37-тармағына сай *«01-149, 02-149, 03-149-нысандар 149 «Басқа қорлар сатып алу» ерекшелігі бойынша тауар құнының бірлігі үшін негіздеуші құжаттарды ұсына отырып (39-41-қосымшалар) шығыстарды айқындауға арналған, 02-149-нысан (40-қосымша) шығыс материалдарын сатып алу бойынша шығыстарды есептеу үшін толтырылады, 03-149-нысан (41-қосымша) негізгі құралдарды жөндеуге пайдаланылатын негізгі құралдарға, құрылыс материалдарына, жабдықтарға*

қажетті қосалқы бөліктерге, көлік құралдарына қызмет көрсету және ұстау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі шығыстар есебі және тікелей ұстауға, қызмет көрсету мен жөндеуге байланысты басқа да шығындар бойынша шығыстарды есептеу үшін толтырылады» ЖӘНЕ ОСЫ Бұйрықтың 47-тармағына сай «Қорлар мен негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлаған кезде есепке қорлар немесе негізгі құралдардың әрбір түрлері бойынша кем дегенде үш прайс-парақтар қоса беріледі» - делінген талаптары сақталмаған.

**52. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінде аудан бойынша 2021 жыл жағдайына АИ-92 маркалы бензиніне бағалар мониторингісіне сәйкес 152-155 теңге аралығында көзделген. Яғни, Сағыз ауылдық округі әкімінің аппараты «ЕМВ 2021» ЖШС-мен АИ-92 маркалы бензин 1 литрі 172 теңгеге ұсынылған прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан. Бұдан басқа, Қызылқоға ауданы бойынша 2021 жыл жағдайына (А4 форматтағы 500 бет) 1 будасы қағаз бағалар мониторингісіне сәйкес 1200-1488 теңге аралығында көзделген. Алайда, Тасшағыл ауылдық округі әкімінің аппараты «Бедел» А.Ш.Бисенғалиев ЖК-мен (А4 форматтағы 500 бет) 1 будасы 1 667,68 теңгеге ұсынылған прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан. Осы тектес, Тайсойған ауылдық округі әкімінің аппараты «Бедел» А.Ш.Бисенғалиев ЖК-мен (А4 форматтағы 500 бет) 1 будасы 1 528,80 теңгеге ұсынылған прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан. Жоғарыда аталған мәліметтерге сәйкес аудит объектісімен 2021 жыл жағдайына бағалар мониторингісі ескерілмей, бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланбау жағдайы орын алып, бөлім тарапынан Бюджет кодексінің 4-бабының 12) - тармақшасы «тиімділік» қағидаты сақталмаған.**

**53. Махамбет аудандық экономика және қаржы бөлімінде аудан бойынша 2021 жыл жағдайына АИ-92 маркалы бензиніне бағалар мониторингісіне сәйкес 131-140 теңге аралығында көзделген. Яғни, Махамбет ауылдық округі әкімінің аппараты «Меркурий Retail» ЖШС-мен АИ-92 маркалы бензин 1 литрі 150 теңгеге ұсынылған прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан. Осы тектес, Жалаңсай ауылдық округі әкімінің аппараты «Petro Retail» ЖШС-мен АИ-92 маркалы бензин 1 литрі 144 теңгеге ұсынылған прайс-парағына сәйкес бюджет қаражатын жоспарлап, қаражат сұратқан. Бөлім Ережесінің міндеттерінің 5-тармағындағы «жоспарлау, бюджеттің атқарылуы, бухгалтерлік, бюджеттік, қаржылық есеп және аудандық коммуналдық мүлікті басқару саласындағы басшылық және салааралық үйлестіру» делінген талабы сақталмай, аудит объектісі тарапынан 2021 жыл жағдайына бағалар мониторингісі ескерілмей, бюджет қаражатының аз көлемін пайдаланбау жағдайы орын алуына жол беріліп Бюджет кодексінің 4-бабының 12) - тармақшасы «тиімділік» қағидаты сақталмаған.**

**54. Бюджет Кодексінің 67-бабының 12-тармағының «Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік өтімдегі ақпарат пен есеп-қисаптардың толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етеді» және №511 Бұйрықтың 58-тармағына сай «01-414 нысаны (63-қосымша) Есептеу және басқа жабдықты сатып алу үшін шығыстарды есептеуге арналған. 02-414 нысаны (64-қосымша) мемлекеттік органдар кеңсе жиһазын сатып алуға мемлекеттік органдар шығыстарын есептеу үшін жасайды» және осы бұйрықтың 47-тармағына сай «Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 412 ерекшелігі бойынша жоспарланатын шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулер еркін нысанда жасалады. Қорлар мен негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлаған кезде есепке қорлар немесе негізгі құралдардың әрбір түрлері бойынша кем дегенде үш прайс-парақтар қоса беріледі» делінген талаптары сақталмаған.**

**55. Бюджет Кодексінің 67-бабының 12-тармағының «Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік өтімдегі ақпарат пен есеп-қисаптардың толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етеді. №511 Бұйрықтың 37-тармағына сай «01-149, 02-149, 03-149-нысандар 149 «Басқа қорлар сатып алу» ерекшелігі бойынша тауар құнының бірлігі үшін негіздеуші құжаттарды ұсына отырып (39-41-қосымшалар) шығыстарды айқындауға арналған. 02-149-нысан (40-қосымша) шығыс материалдарын сатып алу бойынша шығыстарды есептеу үшін толтырылады. 03-149-нысан (41-қосымша) негізгі құралдарды жөндеуге пайдаланылатын негізгі құралдарға, құрылыс материалдарына, жабдықтауға қажетті қосалқы бөліктерге, көлік құралдарына қызмет көрсету және ұстау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі шығыстар есебі және тікелей ұстауға, қызмет**

көрсету мен жөндеуге байланысты басқа да шығындар бойынша шығыстарды есептеу үшін толтырылады» және осы Бұйрықтың 47-тармағына сай «Қорлар мен негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлаған кезде есепке қорлар немесе негізгі құралдардың **әрбір түрлері бойынша кем дегенде үш прайс-парақтар** қоса беріледі» делінген талаптары сақталмаған.

**56.** Бюджет Кодексінің 67-бабының 12-тармағының «Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік өтінімдегі ақпарат пен есеп-қисаптардың толықтығын және дұрыстығын қамтамасыз етеді» және №511 Бұйрықтың 43-тармағына сай «01-161-нысан (51-қосымша) ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар шығыстарды есептеуге арналған. 51-қосымшаны мемлекеттік мекемелер 136 «Техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жүріп-тұруы», 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік жүріп-тұруы» ерекшеліктері бойынша шығыстарды есептеу кезінде қолданады» және осы Бұйрықтың 45-тармағына сай «Ел ішінде және елден тысқары жерлерге қызметтік іссапарларға жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ағымдағы жылға арналған **іссапарлардың бекітілген жоспарларын және жоспарлы кезеңге арналған іссапарлар жоспарларының жобаларын ұсынады**» делінген талаптары сақталмаған.

**57. Жылыой аудандық экономика және қаржы бөлімінде** Жылыой аудандық ББӘ тарапынан бюджеттік өтінімге түсіндірме жазбасы тиісті деңгейде толтырылмаған. Жылыой ауданы құрылыс бөлімімен 2021 қаржы жылына арналған бюджеттік жоспарға 28.12.2020 жылғы №04-21-01/779 шығыс хатымен бюджеттік өтінім ұсынылған. Алайда бюджеттік өтінімнің түсіндірме жазбасында есепті қаржы жылындағы қол жеткізілген нәтижелер көрсеткіштері көрсетілмеген, орын алып отырған проблемалардың ағымдағы жай-күйі сипатталмаған, жағдайды жақсарту, аумақтық дамыту бағдарламасында айқындалған мақсаттарға, нысаналы индикаторларға қол жеткізу жолдары сипатталмаған, бюджеттік бағдарламалардың жоспарланған түпкілікті нәтижелері көрсетілмей Қағиданының 69-тармағының талаптары сақталмағандығы анықталды. Бөлім тарапынан Жылыой ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 08 қазандағы №544 қаулысымен бекітілген ережесіндегі 15-тармағының 4-тармақшасындағы «аудандық бюджеттің бекітілуіне, нақтылануына және түзетілуіне байланысты бағдарламалар әкімгерлерінен бюджеттік өтінімдер қабылдау» функциясы толыққанды жүзеге асырылмаған.

**Жергілікті бюджет шығыстарын және түсімдерінің атқарылуы кезінде бюджет жүйесінің қазидаттарының сақталуын талдау және бағалау бағытында**

**58.** 206 109 түсімдер кодына Бюджет Кодексінің 94-бабының 3-бөлігінің талаптарына сәйкес Атырау облысы әкімдігінің 20.02.2015 жылғы №42 қаулысы негізінде **Қаржы басқармасы** жауапты орган ретінде айқындалған. Бюджеттік сыныптама кодына жауапты уәкілетті орган Қаржы басқармасы тарапынан Бюджет Кодексінің 4-бабының, 3) - тармақшысындағы «*Реалистік*» қазидаты сақталмай, осы кодқа жауапты бола тұра бюджетті болжамды параметрлердің бірнеше рет нақтыланғанына қарамастан салықтық емес түрлерінен нақты мәндерге күтілетіннен төмен қалыптасып, 8 624 304,3 мың теңгеге жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер орындалмаған.



**59. Қаржы басқармасымен** Бюджет кодексінің 94-бабының 3-тармағы толық сақталмай, 301107, 401217, 701110, 701112 бюджеттік сыныптама кодтары бойынша түсімдердің түсуіне бақылауды жүзеге асыратын жауапты уәкілетті органдар бекітілмегені анықталды.

**60.** Бюджет Кодексінің 4-бабының, 3) - тармақшасындағы *«Реалистік» қағидаты* сақталмай, 301107 «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үй-жайларды жекешелендіруден түсетін түсімдер» бойынша бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның бекітілмеуінен түсімдер жоспары орындалмаған.

**61.** ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығының 159-тармағына сәйкес *«төмен тұрған бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган аумақтық қазынашылық бөлімшесіне ұсынылған төлеуге берілетін шоттың негізінде бюджеттік алулар сомасын төмен тұрған бюджеттің түсімдерінің және төлем бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарында көзделген айлық сома шегінде жоғары тұрған бюджет түсімдері бюджеттік сыныптамасының тиісті кодын көрсете отырып, ағымдағы айдың жиырма бесінші күніне дейін аударарды»* деп көзделген талабы орындалмай аудит объектісі тарапынан Атырау облысы әкімдігінің 30.12.2020 жылғы №292 қаулысымен бекітілген Ереженің 15-тармағының 16-тармақшасында көзделген *бюджеттік алып қоюлардан аударудың толықтығын бақылауды жүзеге асыру* деп көзделген функциясы толыққанды жүзеге асырылмаған.

**62.** Бюджет Кодексінің 4-бабының 10) - тармағындағы *«уақытылық» қағидаты* сақталмай ББӘ тарапынан жоспарлау жүйесінің дұрыс болмауынан бюджет жыл қорытындысымен кейбір қаржылар игерілмеген.

Осындай рәсімдік бұзушылық **Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінің** өзінің негізгі міндеті ауданның бюджеті орындалуы жөніндегі жұмыстарын тиісінше ұйымдастыруды қамтамасыз етпеу салдарынан туындаған.

**63.** Атырау қалалық қаржы бөлімі Бюджет Кодексі» Кодексінің 4-бабының, 3) - тармақшасындағы *«Реалистік» қағидаты сақталмай, бюджетті жоспарлау мен атқару жөніндегі уәкілетті органдардың жоспарлау* этапының дұрыс болмауынан болжамды параметрлердің бірнеше рет нақтыланғанына қарамастан жекелеген салық түрлерінен нақты мәндерге күтілетіннен төмен қалыптасып, 8 089 398,3 мың теңгеге ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы, төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы, әлеуметтік салық, ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша түсімдер орындалмаған.

**64.** 2021 жылы пайдаланылмаған бюджет қаражатының көлемі 5 011 389,0 мың теңгені құрады. Пайдаланылмаған бюджет қаражатының еңбекақы төлеу қоры бойынша үнемдеуден, жанар-жағармай сатып алу бойынша нақты төлемнен қалған, атаулы әлеуметтік көмектен табыстарды қайта есептеу кезінде соманың асып кетуі себебінен төлем алушылардан қайтарылған, мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстың өтпей қалу салдарынан қалған, кеңсе тауарларын сатып алу бойынша (тауарлардың

уақытында жеткізілмеу салдарынан болған. Бюджетке бірнеше мәрте өзгеріс енгізіп және нақтылау мүмкіндігін пайдаланып, жергілікті атқарушы органдар бюджеттен бөлінген қаражатты толық игеруге мүмкіндік алып отыр. Алайда, ББӘ өзіне жүктелген функциялар мен өкілеттіктер дұрыс үйлестіре алмауынан орын алып, осының салдарынан ББӘ тарапынан Бюджет Кодексінің 4-бабының 10-тармақшасындағы «уақытылық» қағидаты, сақталмауына әкелген. Осы тектес Атырау қалалық құрылыс бөлімімен Бюджет Кодексінің 4-бабының 12) - тармақшасындағы «тиімділік» қағидаты сақталмай жалпы сомасы 1 389 530,7 мың теңге бірнеше жобалар бойынша республикалық трансферттер есебінен бөлінетін бюджет қаржысы тиімсіз жоспарланған.

**65.** Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындауға арналған резервтердің 997 928,8 мың теңгенің 970 208,8 мың теңгесі түрлі міндеттемелерді орындауға жұмсалса, 28 720,0 мың теңге мемлекеттік баж өтеуге жұмсалған. Аталған сот шешімдерінде апелляциялық шағым келтіру мүмкіндіктері қарастырылса да, жауапкер тарап, яғни ББӘ апелляциялық шағым келтірместен, 2021 жылы 74 209,1 мың теңге және 01.04.2022 жыл жағдайына 292 506,2 мың теңге бюджет қаражатын жұмсаған. ҚР-ның 31.10.2015 жылғы №377-V «Азаматтық процестік Кодексі» 401-бабында «Сот шешіміне апелляциялық шағым жасау құқығы тараптарға, іске қатысатын басқа да тұлғаларға тиесілі»-делінген. Алайда, ББӘ тарапынан апелляциялық шағым жасау құқықтары пайдаланылмай, 366 715,3 мың теңге жұмсалған. Нәтижесінде, ҚР «Азаматтық процестік Кодексі» 401-бабында «Сот шешіміне апелляциялық шағым жасау құқығы тараптарға, іске қатысатын басқа да тұлғаларға тиесілі»-делінген құқықтарын пайдаланбай, Бюджет кодексінің 4-бабында көзделген «тиімділік» қағидаты сақталмаған. Осы Кодекстің 3-бабының 12-4 тармағында «бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану – бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жоспарлау және (немесе) пайдалану» делінген, яғни, жіберіп алған пайданың жалпы сомасы 366 715,3 мың теңгені (2021 жылы 74 209,1 мың теңге және 01.04.2022 жыл жағдайына 292 506,2 мың теңге) құрады.

Осындай факті, Құрманғазы аудандық экономика және қаржы бөлімінің Ережесінің міндеттерінің 8-тармағында «өз құзыреті шегінде аудандық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдар қызметінің тиімділігін бағалау жүйесін қамтамасыз ету» делінген талаптарын толық жүзеге асырмай аудит объектісімен ББӘ-нің сот шешімдерінде апелляциялық шағым келтіру мүмкіндіктері қарастырыла тұрса да, шағымдары берілмеуіне орай аталған кемшіліктерге жол беріліп нәтижесінде Бюджет кодексінің 4-бабының 12) - тармақшасындағы «*тиімділік*» қағидаты және 3-бабының 12-4) - тармағында «*бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану – бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жоспарлау және (немесе) пайдалану*» - делінген талаптары сақталмай, аудит объектісімен жалпы сомасы **1 564,7 мың теңгенің** жіберіп алған пайданың құралуына жол берілген.

Осыған ұқсас, Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінде жалпы сомасы 1 934,8 мың теңге жіберіп алған пайданың құралуына жол берілген.

**66. Құрманғазы, Қызылқоға, Мақат және Махамбет аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімдерінде** 2021 жылы бюджетке түсетін түсімдердің жоспардан артық орындалуы және 2021 жылға бюджетті қалыптастыру кезінде бюджетке өткен жылдары түскен төлемдер түсімдерінің динамикасын есепке алынбауына жол беріліп, Бюджет Кодексінің 4-бабының 3) - тармақшасының «Реалистік» қағидаты сақталмаған.

**67. Құрманғазы аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінде** Бюджет кодексінің 94-бабының 3-тармағының талабы толық сақталмай, 201509, 201510, 206115, 301107, 402201, 402202, 402203, 501113, 701203 бюджеттік сыныптама кодтары бойынша Құрманғазы ауданы әкімдігіне қарасты бөлімдер мен ауылдық округтерінің әкімдіктеріне бекітілмеген.

**Осындай факті Индер аудандық экономика және қаржы бөлімінде,** 201510, 206109 бюджеттік сыныптама кодтары бойынша Индер ауданы әкімдігіне қарасты бөлімдер мен ауылдық округінің әкімдіктеріне бекітілмеген.

**Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінде,** 203102, 206107, 301107 бюджеттік сыныптама кодтары бойынша Қызылқоға ауданы әкімдігіне қарасты бөлімдерге бекітілмеген.

**Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінде,** 204114, 204170 бюджеттік сыныптама кодтары бойынша Мақат, Доссор кенттерінің және Бәйгетөбе ауылдық округінің әкімдіктеріне бекітілмегені анықталды.

**68. Құрманғазы, Исатай, Қызылқоға, Махамбет аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімдерінде** 01.01.2022 жылғы жағдайына ББ нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізбеуге әкеп соққан бюджет қаражатын игермегені үшін жергілікті атқарушы орган, аудит объектісі тарапынан Бюджет кодексінің 104-бабының 6-бөлігінде *«ББӘ бағдарлама нәтижелерінің көрсеткіштеріне қол жеткізбеуге әкеп соққан бюджет қаражатын игермегені үшін ҚР-ның заңдарында белгіленген жауаптылықта болады»* және 4-бабының 13) тармақшасында *«жауапкершілік принципі* сақталмай, ББӘ-нің бірінші басшыларына қатысты ешқандай тәртіптік шаралары алынбаған.

**69. Мақат аудандық экономика және қаржы бөлімінде** өзінің негізгі міндеті Бюджеттік бағдарламалардың орындалуына мониторинг жүргізуді тиісінше қамтамасыз етпеген және №629 бұйрықтың 51-тармағына сай *«Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ұсынған ақпараттың, ішкі бақылау қызметтерінің материалдары, сондай-ақ ішкі және сыртқы факторлардың әсерін анықтау негізінде бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізу жөнінде талдау жүргізеді»*, делінген талабы сақталмаған.

**70. Махамбет аудандық экономика және қаржы бөлімінде** бюджетті бекіту кезінде 2021 жылы 201910 «Коммуналдық меншіктегі жер учаскелері бойынша сервитут үшін төлем» бойынша түсімдер көлемі

болжамдалмаған (2021 жылға болжам жасалмаған, алайда 2021 жылы нақты түсім 27,7 мың теңге құраған) және 203102 «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшаның түсімі» бойынша түсімдер көлемі болжамдалмаған (2021 жылға болжам жасалмаған, алайда 2021 жылы нақты түсім 288,4 млн. теңге құраған). ҚР-ның 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабының 1-тармағының 10) - тармақшасына және 35-бабының 1-тармағының 3) - тармақшасына сәйкес аудан әкімі көзделген салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдесу бөлігінде өкілеттіліктерді толық көлемде іске асырмаған.

**71. Жылыой аудандық экономика және қаржы бөлімінде ББӘ** Жылыой ауданы құрылыс бөлімімен ұлттық қор есебінен бөлінген 1 805 267,0 мың теңгенің жыл қорытындымен 367 404,0 мың теңгесі игерілмеген және уақытылы республикалық бюджет есебіне кері қайтарылмай, аудит объектісі Жылыой ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 08 қазандағы №544 қаулысымен бекітілген ережесіндегі 15-тармағының 8-тармақшасындағы «*Бюджет ақшасын басқару*» және 14-тармақшасындағы *республикалық және облыстық трансферттердің игерілу барысы бойынша мониторинг жасау және ұсыну* функциялары толыққанды жүзеге асырылмағандығын аңғартады.

**72.** Жылыой ауданы әкімдігінің 11.06.2021 жылғы №218 «2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешімін іске асыру туралы қаулысына өзгеріс енгізіле отырып «Жылыой ауданы құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесіне «Құлсары қаласындағы электр желісі кешенінің құрылысы» жобасын іске асыру үшін 467-004-032 бюджеттік бағдарламасына ҚР Ұлттық қорынан мақсатты трансферттер есебінен 1 805 267,0 мың теңге бөлінген. Өнім беруші тарапынан тапсырыс берушімен арада бекітілген жұмыс кестесінен кешігулер орын алған. Осыған сәйкес, жоспарланған бюджет қаражатының уақытылы игеру мүмкіндігі болмай **ББӘ** тарапынан Бюджет Кодексінің 4-бабының 10-тармақшасындағы «уақытылық» қағидаты сақталмауына әкелген.

**Коммуналдық меншіктің тиімділігін талдау бағытында**

**73. Қаржы басқармасы бойынша** облыстық коммуналдық меншікке қарасты кәсіпорындар тарапынан Мемлекеттік мүлік туралы заңының 140-бабының 4-тармағының «мемлекеттік кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді» деп көзделген талабы сақталмағандығы анықталды.

**74. Қаржы басқармасы тарапынан** Мемлекеттік мүлік туралы заңының 140-бабының 4-тармағының «*тиісті саланың уәкілетті органы немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің белгіленген бөлігін бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады*» деп көзделген және Атырау облысы әкімдігінің 30.12.2020 жылғы №292 қаулысымен бекітілген ереженің 15-тармағының 35-тармақшасындағы «Мемлекеттік кәсіпорындардың таза табыстың белгіленген бөлігін бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады» деп көзделген функциясын толық жүзеге асырылмағандығын көрсетті.

**75.** Мемлекеттік мүлік туралы заңының 140-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес Мемлекеттік кәсіпорын тиісті бюджетке таза кірістің бір бөлігін аудару мерзімін бұзған кезде таза кірістің бір бөлігінің мерзімінде төленбеген сомасына мерзімі өткен әрбір күн үшін ҚР Ұлттық Банкінің 2,5 еселенген базалық мөлшерлемесінде өсімпұл есептеледі. Мемлекеттік мүлік туралы заңының 140-бабының 4-тармағының талаптары сақталмай Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық онкологиялық диспансері» ШЖҚ КМК бойынша  $(250,6 * (13,5\% * 2,5/12/30) * 7 \text{ күнге})$  1,7 мың теңге, Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық тері – венерологиялық диспансері» ШЖҚ КМК бойынша  $(90,2 * (13,5\% * 2,5/12/30) * 7 \text{ күнге})$  0,6 мың теңге, Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық балалар тіс емханасы» ШЖҚ КМК бойынша  $(116,6 * (13,5\% * 2,5/12/30) * 8 \text{ күнге})$  0,9 мың теңге, Атырау облысы мәдениет тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Н.Жантөрин атындағы облыстық филармония» КМҚК бойынша  $(7\ 188,6 * (13,5\% * 2,5/12/30) * 11 \text{ күнге})$  74,1 мың теңге, Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Жылыой аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК бойынша  $(14\ 788,3 * (13,5\% * 2,5/12/30) * 36 \text{ күнге})$  499,1 мың теңге барлығы 576,4 мың теңге өсімпұл сомасының бюджет есебіне төленуі қамтамасыз етілмеген.

**76.** Атырау қалалық қаржы бөлімі бойынша Атырау қаласы әкімдігінің «Мүліктерді кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлікпен басқаруға беру бойынша тендер ұйымдастыру туралы» 13.08.2020 жылғы №1712 қаулысы негізінде Атырау Балық кешеніндегі мүліктер мен нысандарды сенімгерлікпен басқаруға беру жоспарланған. Алайда, 06.11.2020 жылғы Атырау қаласы әкімі К.Уразбаевтың төрағалығымен өткен мәжілістің №03-01-06-15/56 хаттамасында көрсетілгендей аталған кешендегі мүліктер мен нысандарды алдағы уақытта пайдалану туралы хаттар келіп

түсуімен байланыстырып, Атырау Балық кешеніндегі мүліктер мен нысандарды сенімгерлікпен басқаруға беру бойынша тендерді тоқтату шешімі қабылданған. Нәтижесінде, аталған кешен мүліктері мен нысандары күні бүгінге дейін пайдаланылмай тұрғандығы анықталды. Осылайша, Атырау қаласының коммуналдық меншігінде Бюджет Кодексінің 4-бабының 12-тармақшасында көзделген талаптары сақталмай және ҚР-ның Мемлекеттік мүлік туралы Заңның 6-бабының «Мемлекеттік мүлікті басқару принциптері» яғни, Мемлекеттік мүлікті басқару: 4) тармақшасына сәйкес «мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану» принципін сақталмай, бастапқы құны 1 211 679,3 мың теңгені құраған, баланстық құны 732 938,1 мың теңге болып табылатын ғимараттар жергілікті атқарушы органдардың мәселені шешу жолын таппауынан күні бүгінге дейін қолданылмай тұрғандығы анықталды.

Бюджет Кодексінің 4-бабының 12-тармағында көзделген талаптары сақталмай және Мемлекеттік мүлік туралы Заңның 6-бабының «Мемлекеттік мүлікті басқару принциптері» яғни, Мемлекеттік мүлікті басқару: 4) тармақшасына сәйкес «мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану» принципін сақталмай, бастапқы құны 1 211 679,3 мың теңгені құраған, баланстық құны 732 938 061,0 мың теңге болып табылатын ғимараттар жергілікті атқарушы органдардың мәселені шешу жолын таппауынан күні бүгінге дейін қолданылмай тұрғандығы анықталды.

**77. Құрманғазы аудандық экономика және қаржы бөлімінде** *Құрманғазы ауданы әкімі аппараты* теңгеріміндегі аудан әкімі аппаратының №2 ғимараттың 94,2 шаршы метр құрайтын орынжайды, 02.10.2020 жылғы №21318-ЭТП Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқарудың шарты негізінде 02.10.2020 жылдан 01.10.2023 жылға дейін «Атырау-Ақпарат» ЖШС-не Ауданның қоғамдық-саяси газетінің жұмысын ұйымдастыру үшін пайдалануға берілген. Алайда, келісім шарт бойынша сенімгерлік басқарушы тоқсан сайын қаржылық жағдайы жөніндегі есебін ұсыну қажет, бірақ та, серіктестік тарапынан 2021 жылдың 3,4 тоқсанына және 2022 жылдың I-тоқсанына есептер ұсынылмай аудит объектісінің ережесінің функциясының 50-тармағында *«сенімгерлікпен басқарушының аудандық коммуналдық мүлікті сенімгерлікпен басқару шарты бойынша міндеттемелерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады»* делінген, алайда аудит объектісімен келісім шарт бойынша сенімгерлік басқарушы тоқсан сайын қаржылық жағдайы жөніндегі есебі ұсынылмай жалға беруші мен жалға алушы арасында жасалған 02.10.2020 жылғы №21318-ЭТП келісім шарттың 3 тарауының 13), 14), 15) – тармақшаларына сәйкес *«құрылтайшыға тоқсан сайын қаржылық жағдайы жөніндегі есепті жазбаша түрде беруге, құрылтайшыға шарттың барлық қолдану мерзімінің есебін жазбаша түрде береді»* делінген талаптары сақталмаған.

Дәл осындай факті, **Исатай аудандық экономика және қаржы бөлімінде де орын алған.**

**78. Қызылқоға аудандық экономика және қаржы бөлімінде** 25.10.2021 жылғы №30713-ЭСА келісім шартқа 14.03.2022 жылы

*(тараптардың заңды мекенжайлары мен банктік деректемелері өзгертілген)* №1 қосымша келісім шарты жасақталған. 25.10.2021 жылғы №30713-ЭСА келісім шартқа сәйкес 01.04.2022 жыл жағдайына бюджет есебіне төленуі тиіс 108 132 теңге *(өсімпұлмен қоса)* берешек қалыптасқан. Кешіктірген уақытына өсімпұл есептеліп 2022 жылдың 30 наурызында ескерту хаты жолданған. **Бөлім** тарапынан тендер өткізу арқылы мүлікті жалдауға (жалға алуға) берілген жылжымайтын мүлік бойынша жалдау ақысының есебі ҚР Ұлттық экономика министрінің 17.03.2015 жылғы №212 бұйрығының 50-тармағына сәйкес *«Төлем жалға алынған барлық мүлік үшін тұтастай немесе оның құрамдас бөліктерінің әрқайсысы бойынша жеке, мерзімді немесе бір жолғы енгізілетін төлемдердің шартта көзделетін тіркелген сомасымен белгіленеді»* деп көзделген талабы және жалға беруші мен жалдаушы арасында жасалған 25.10.2021 жылғы №30713-ЭСА келісім шарттың 3-бөлімі 10-тармағының 1) тармақшасының *«әр айдың 30-нан кешіктірмей жалдау ақысын кешіктірмей ай сайын (жалдау ақысын төлеу мерзімдері) жалдау ақысын, сондай-ақ басқа да жалдау төлемдерін (айыппұлдарды, өсімақыларды) енгізуге»* делінген талаптары сақталмай, **108,1 мың теңге** *(өсімпұлмен қоса)* берешек бюджет есебіне төленбеген.

**79.** ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы Қаулысының 91-бабында *«Акциялардың мемлекеттік пакеттерін қоспағанда, жекешелендіру объектісін беру осы Қағиданың 95-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушы сату бағасын толық төлеген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей қабылдап алу-беру актісі бойынша жүргізіледі»* деп көзделген талабы сақталмай, 09.06.2021 жылғы №26907-ЭТП сатып алу-сату шартына сәйкес «Lada 21214» маркалы автокөлігін қабылдау-тапсыру актісі 4 күнге *(соңғы төлем 02.07.2021 ж, автокөлікті қабылдау-тапсыру актісі 06.08.2021 ж)* кешіктіріліп жасақталған.

**80. Жылыой аудандық экономика және қаржы бөлімінде,** Жылыой ауданында аудит жүргізу мерзімінде коммуналдық меншігінде бастапқы құны 928 887,3 мың теңге қалдық құны 254 159,7 мың теңгені құрайтын әкімшілік ғимараттар орын алған. Аудит жүргізу барысында осы аталған ғимараттардың ішінде Қара арна ауылдық округінде орналасқан бастапқы құны 665,0 мың теңге қалдық 0,0 мың теңгені құрайтын 2003 жылы шығарылған малды ұрықтандыру пункті, Ақкиізтоғай ауылдық округінде орналасқан бастапқы құны 7 765,0 мың теңге қалдық құны 3 367,6 мың теңгені құрайтын 2012 жылы шығарылған мал сою ғимараты және Жем ауылдық округінде орналасқан бастапқы құны 665,0 мың теңге қалдық құны 0,0 мың теңгені құрайтын 2003 жылы шығарылған малды ұрықтандыру пункті күні бүгінге дейін қолданусыз келетіндігі анықталды. Осы орайда, аудит объектісі және ауылдық округ әкімі аппараттарының тарапынан аталған ғимараттарды сатуға, сенімгерлік басқаруға немесе жалға беру туралы бірде – бір әрекет жасалмай аудит объектісі тарапынан Жылыой ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 08 қазандағы №544 қаулысымен бекітілген ережесіндегі 15 тармағының 22 тармақшасындағы *коммуналдық мүліктің нысаналы және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады* деп көзделген функциясын толыққанды жүзеге асырылмағандығын аңғартады.

**81. 2019-2021 жылдар аралығында салынған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша айыппұлдардың жергілікті бюджетке уақытылы және толық өндірілуі және өндірілу бойынша алынған шаралар бағытында**

Атырау облысы Мемлекеттік еңбек инспекция басқармасының Ережесінде ҚР-ның 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексіне (бұдан әрі-ҚР ӘҚБтК) белгіленген **әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану** қарастырылмаған.

Алайда, «Атырау облысы Мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ұсынылған Ереженің жаңа редакциясында Басқармамен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар мен қаулылар толтыруға, әкімшілік жазалар қолдануға құқығын қарастыру көзделген.

Уәкілетті органдардың тізбесін бекіту туралы қаулыға сәйкес **204 105** «Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша және **204114** «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар» бойынша **жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыратын жауапты уәкілетті органдар ретінде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер және артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты уәкілетті орган ретінде Атырау облысы Қаржы басқармасы** белгіленген.

ҚР ӘҚБтК-нің 741-бабының 1-бөлігінің 10) тармақшасында *«Мынадай мән-жайлардың ең болмағанда біреуі болған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді бастауға болмайды, ал басталған іс тоқтатылуға жатады:...Осы Кодекстің 897-бабында белгіленген тәртіппен әкімшілік айыппұл төлегенін растайтын құжаттың болуы»*, -делінген. Бұл ретте, ҚР ӘҚБтК-нің 811-бабының 1-бөлігіндегі *«Әкімшілік құқық бұзушылық анықталған және оны жасаған тұлға белгілі болған кезде осы Кодекстің 804 немесе 805-баптарында аталған уәкілетті адам әкімшілік іс жүргізуді қозғайды, тұлғаға айыппұлды осы Кодекстің Ерекше бөлігі бабының санкциясында көрсетілген айыппұл сомасының елу пайызы мөлшерінде жеті тәулік ішінде төлеу құқығын түсіндіреді және қажет болған жағдайда белгіленген үлгідегі түбіртекте табыс етеді.*

**82.** *Егер әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлішеу құралдарымен және аспаптармен тіркелсе, адамның айыппұлды белгіленген үлгідегі түбіртекпен бірге айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама тиісінше жеткізілген кезден бастап жеті тәулік ішінде көрсетілген айыппұл сомасының елу пайызы мөлшерінде төлеуге құқығы бар»*, -делінген талабы сақталмай, **75,75 мың теңге** әкімшілік айыппұл сомасы **уақытылы, яғни жеті тәулік ішінде жергілікті бюджетке төленбегендігі анықталды.**

ҚР ӘҚБтК-нің 62-бабының 3-бөлігіне сәйкес *«Созылып кеткен әкімшілік құқық бұзушылық кезінде, сондай-ақ бюджеттік қатынастар саласында қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғылатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде тұлға әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды»*, -делінген.

**83.** Сонымен қатар, ҚР ӘҚБтК-нің 811-бабының 3-бөлігіндегі *«Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген құқық пайдаланылмаған немесе тиісінше пайдаланылмаған жағдайда*



*әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу жалпы тәртіппен жүзеге асырылады»,*- делінген талаптары сақталмай, Басқармамен **құқығы тиісінше пайдаланылмаған «Kazakhstan Professional Services» ЖШС-не қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жалпы тәртіппен жүзеге асырмау және әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өту салдары, 75,75 мың теңге бюджет кірісі жіберіп алынған пайданы** білдіреді.

**84.** ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №404 «Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, ҚР Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты мен Жәбірленушілерге өтемақы қорының және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесі» бұйрығына сәйкес **204119 «Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оның аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» коды бойынша түсімдер 100% «Республикалық» бюджетке есептеледі** деп көзделген.

**85.** Бұл ретте, Басқарма және Атырау облысы Қаржы басқармасы тарапынан Бюджет Кодексінің 94-бабы 2-тармағындағы *«Бюджетке түсетін түсімдерді алуға жауапты уәкілетті орган өзі әкімшілік жасайтын түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етеді және олардың түсуіне, түсімдердің артық (қате) төленген сомасын қайтаруға немесе олардың бюджетке берешектерді өтеу шотына есепке жатқызылуына мониторингті жүзеге асырады»,*-делінген талабы және Уәкілетті органдардың тізбесін бекіту туралы қаулының талаптары сақталмай, жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің жергілікті бюджетке түсуінің толықтығының қамтамасыз етпеу салдарынан, 2020 жылы **250,0 мың теңге** тиісті бюджетке, яғни **жергілікті бюджетке түспегендігі** анықталды.

**86.** Аудит барысында 2019 жылы айыппұл сомасы 2 278,0 мың теңге құрайтын әкімшілік жаза қолданған 13 іс бойынша, 2020 жылы айыппұл сомасы 417,0 мың теңге құрайтын әкімшілік жаза қолданған 1 іс бойынша және 2021 жылы айыппұл сомасы 1 196,0 мың теңге құрайтын әкімшілік жаза қолданған 3 іс бойынша, барлығы **3 891,0 мың теңге** айыппұл сомасы күні бүгінге дейін жергілікті бюджетке төленбегендігі анықталды. Аталған істер бойынша мәжбүрлеп орындатуға Басқармамен сот орындаушыларына талап қойылған. Дегенменде, ҚР ӘҚБТК-нің 887-бабының 1-бөлігіндегі *«Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарған органға (лауазымды адамға) немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы ресімдеген органға осы қаулыны, нұсқаманы орындауға байланысты мәселелерді шешу және оның орындалуын бақылау жүктеледі»,*-делінген және Салық Кодексінің 36-бап, 2-тармақ 5) тармақшасының *«Салық төлеуші салықтық міндеттемені орындау үшін мынадай әрекеттер жасайды: салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің есептелген және есепке жазылған сомасын, осы Кодекстің Ерекише бөлігіне сәйкес салықтар және бюджетке төленетін төлемдер бойынша аванстық және ағымдағы төлемдерді төлейді»,*-талабы сақталмай, жергілікті бюджетке төленетін айыппұл сомасын төлеуден жалтарып жүрген тұлғаларға Басқарма және сот орындаушылар тарапынан тиісті шараларды өз деңгейінде қабылдамау салдарынан, күні бүгінге дейін жергілікті бюджет есебіне **3 891,0 мың теңге** айыппұл сомасы төленбеген.

**Атырау облысы Мемлекеттік сәулет-құрылысы бақылау басқармасы** мен жүзеге асыратын функцияларының бірі-объектілер

құрылысының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру, осы объектілерде сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға ҚР-ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген **әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану** болып табылады. Ереженің 11-пунктіне сәйкес **«Басқарманың қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады»**, - делінген.

Бюджет Кодексінің (бұдан әрі-Бюджет Кодексі) 94-бабының 3-тармағына сәйкес *жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, қарыздардан түсетін түсімдердің бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті жергілікті атқарушы органы айқындайтындығы* көзделген.

Уәкілетті органдардың тізбесін бекіту туралы қаулыға сәйкес **204105 «Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша және 204114 «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар» бойынша жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыратын жауапты уәкілетті органдар ретінде жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер және артық (қате) төленген соманың бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты уәкілетті орган ретінде Атырау облысы Қаржы басқармасы** белгіленген.

**87.** Басқармамен **2019 жылы** 114 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған. Қозғалған істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс саны 76, сомасы 15 067,9 мың теңгенің құрады. Оның ішінде әкімшілік айыппұл сомасы төленген іс саны 75, сомасы 14 815,4 мың теңгені құрады, яғни қозғалған істің 1%-ның немесе 252,5 мың теңге әкімшілік айыппұл сомасы **бюджетке** төленбеген. Бұған себеп, Басқармамен 02.04.2019 жылы «Stream energy company» ЖШС-не ҚР ӘҚБтК-нің 321-бабымен №18 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қысқартылған тәртіппен қаралып, «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы» 04.04.2019 жылғы №18 түбіртек және «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы» 09.04.2019 жылғы №18 түбіртектің түбіріне сәйкес айыппұл сомасының елу пайызы 252,5 мың теңге құрап, аталған соманы 10.04.2019 жылға дейін төлеу міндеттелген. «Stream energy company» ЖШС-мен аталған сома 09.04.2019 жылғы №4 төлем тапсырмасымен төленген. Алайда, 09.04.2019 жылғы №4 төлем тапсырмасында «Бенефициар» деген жолда «ГУ «Управление государственного архитектурно-строительного контроля Атырауской области» «ИИН (БИН)» деген жолда **«150240010886»** деп көрсетілген.

Бұл ретте, ҚР ӘҚБтК-нің 811-бабының 1-бөлігіндегі **«Әкімшілік құқық бұзушылық анықталған және оны жасаған тұлға белгілі болған кезде осы Кодекстің 804 немесе 805-баптарында аталған уәкілетті адам әкімшілік іс жүргізуді қозғайды, тұлғаға айыппұлды осы Кодекстің**

Ерекше бөлігі бабының санкциясында көрсетілген айыппұл сомасының елу пайызы мөлшерінде жеті тәулік ішінде төлеу құқығын түсіндіреді және қажет болған жағдайда белгіленген үлгідегі түбіртекте табыс етеді.

Егер әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптармен тіркелсе, адамның айыппұлды белгіленген үлгідегі түбіртекпен бірге айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама тиісінше жеткізілген кезден бастап жеті тәулік ішінде көрсетілген айыппұл сомасының елу пайызы мөлшерінде төлеуге құқығы бар», - делінген талабы сақталмай, **252,5 мың теңге әкімшілік айыппұл сомасы уақытылы, яғни жеті тәулік ішінде жергілікті бюджетке төленбегендігі анықталды.**

ҚР ӘҚБтК-нің 62-бабының 3-бөлігіне сәйкес «Созылып кеткен әкімшілік құқық бұзушылық кезінде, сондай-ақ бюджеттік қатынастар саласында қоғамның және мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне қол сұғылатын әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде тұлға әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап **екі ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды**», - делінген.

**88.** Сонымен қатар, ҚР ӘҚБтК-нің 811-бабының 3-бөлігіндегі «Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген құқық пайдаланылмаған немесе тиісінше пайдаланылмаған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу жалпы тәртіппен жүзеге асырылады», - делінген талаптары сақталмай, Басқармамен **құқығы тиісінше пайдаланылмаған «Stream energy company» ЖШС-не қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жалпы тәртіппен жүзеге асырмау және әкімшілік құқық бұзушылық анықталған күннен бастап екі ай өту салдары, 252,5 мың теңге бюджет кірісі жіберіп алынған пайданы білдіреді.**

2019 жылы қозғалған істер бойынша әкімшілік жаза қолданған іс саны 20, сомасы 13 849,7 мың теңгеге құрады. Оның ішінде айыппұл сомасы төленген іс саны 13, сомасы 5 264,7 мың теңгеге құрады, яғни қозғалған істің 35%-ның немесе 8 585,0 мың теңге айыппұл сомасы бюджетке төленбеген. Бұған себеп, «Национальная компания «Қазақстан темір жолы»-«Дирекция магистральной сети» АҚ-ның филиалына 8 585,0 мың теңгеге толтырылған әкімшілік жаза қолдану туралы 7 қаулы сотқа шағымдалып, соттың шешімімен істер тоқтатылған. 2019 жылы ҚР ӘҚБтК-нің 319-бабымен және 463-бабымен қозғалған істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық істер сотта қаралуына орай, 18 әкімшілік іс әкімшілік сотқа жіберілген.

*Анықтама ретінде: 2019 жылы сотпен 18 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралып, нәтижесімен 1 436,73 мың теңге айыппұл салынған.*

Тексеру комиссиясының 04.04.2022 жылғы №07-7/427, 18.04.2022 жылғы №07-8/505 шығыс хаттарымен Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінен салық төлеушілермен 2019-2021 жылдар аралығында және 2022-жылдың 1-тоқсанында Атырау облысы бойынша төленген айыппұл сомаларына мәлімет сұратылып, алынған мәліметтерге талдау жүргізіліп, нәтижесінде бірқатар кемшіліктер анықталды.

**89.** Мәселен, Басқармамен 06.12.2019 жылы «Caspian Offshore Construction Realty» (Каспиан Оффшор Констракшн Реалити) ЖШС-не ҚР ӘҚБтК-нің 316-бабымен №98 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қысқартылған тәртіппен қаралып, «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы» 06.12.2019 жылғы

№98 түбіртек және «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы» 06.12.2019 жылғы №98 түбіртектің түбіріне сәйкес айыппұл сомасының елу пайызы 732,25 мың теңге құрап, аталған соманы 12.12.2019 жылға дейін төлеу міндеттелген. «Caspian Offshore Construction Realty» (Каспиан Оффшор Констракшн Реалити) ЖШС-мен аталған сома 11.12.2019 жылғы №13666 төлем тапсырмасымен төленген. Алайда, төлем тапсырмасында «Бенефициар» деген жолда «**Управление государственных доходов по Талгарскому району**» «ИИН (БИН)» деген жолда «**900540000065**» деп көрсетілу салдарынан, төленген **732,25 мың теңге** Атырау облысының бюджетіне түспеген. Бұл ретте, ҚР-ның «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Бұдан әрі-Салық Кодексі) 101-бабының 3-тармағындағы «Салық органы салықтың, бюджетке төленетін төлемнің (есепке жатқызуға және қайтарылуға жатпайтын алымдар мен төлемақыларды қоспағанда), өсімпұлдың артық төленген (өндіріп алынған) сомаларын есепке жатқызуды және қайтаруды ұлттық валютада мынадай тәртіппен: жеке шоттар жүргізілмейтін бюджетке төленетін төлемдерді төлеу орны бойынша – тиісті уәкілетті мемлекеттік орган берген не электрондық база арқылы және (немесе) қағаз жеткізгіште алынған, жүзеге асырылуы үшін бюджетке төлемдерді төлеу көзделген әрекеттердің жасалмағанын растайтын, салық төлеуші ұсынған құжаттардың негізінде жүргізеді», - делінген талаптары сақталмай, «Caspian Offshore Construction Realty» (Каспиан Оффшор Констракшн Реалити) ЖШС-мен қате төленген **732,25 мың теңге әкімшілік айыппұл сомасын, Атырау облысының бюджетіне есепке жатқызу** жүзеге асырылмағандығы анықталды.

Басқармамен **2020 жылы** 60 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған. Қозғалған істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс саны 35, сомасы 12 391,4 мың теңгені құрап, әкімшілік айыппұл сомасы **толығымен бюджетке** төленген.

Алайда, төленген айыппұлдар сомаларына талдау жүргізу нәтижесінде кемшілік анықталды.

**90.** Атап айтсақ, Басқармамен 31.12.2020 жылы «Kaz Elit Stroi» ЖШС-не ҚР ӘҚБтК-нің 316-бабымен №59 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қысқартылған тәртіппен қаралып, «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы» 31.12.2020 жылғы №59 түбіртек және «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы» 31.12.2020 жылғы №59 түбіртектің түбіріне сәйкес айыппұл сомасының елу пайызы 277,8 мың теңге құрап, аталған соманы 07.01.2021 жылға дейін төлеу міндеттелген. «Kaz Elit Stroi» ЖШС-мен аталған сома 05.01.2021 жылғы №19 төлем тапсырмасымен төленген.

Сол сияқты, Басқармамен 31.12.2020 жылы «Kaz Elit Stroi» ЖШС-не ҚР ӘҚБтК-нің 316-бабымен №60 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қысқартылған тәртіппен қаралып, «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы»

31.12.2020 жылғы №60 түбіртек және «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы» 31.12.2020 жылғы №60 түбіртектің түбіріне сәйкес айыппұл сомасының елу пайызы 277,8 мың теңге құрап, аталған соманы 07.01.2021 жылға дейін төлеу міндеттелген. «Kaz Elit Stroi» ЖШС-мен аталған сома 05.01.2021 жылғы №18 төлем тапсырмасымен төленген.

Алайда, 05.01.2021 жылғы №18,19 төлем тапсырмасында «Бенефициар» деген жолда «Комитет Казначейство МФ РК» «ИИН (БИН)» деген жолда «**120940010470**» (Ақтау қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы) деп көрсетілу салдарынан, төленген **555,6 мың теңге Атырау облысының бюджетіне түспеген.**

Бұл ретте, Салық Кодексінің 101-бабының 3-тармағындағы «Салық органы салықтың, бюджетке төленетін төлемнің (есепке жатқызуға және қайтарылуға жатпайтын алымдар мен төлемақыларды қоспағанда), өсімпұлдың артық төленген (өндіріп алынған) сомаларын есепке жатқызуды және қайтаруды ұлттық валютада мынадай тәртіппен: жеке шоттар жүргізілмейтін бюджетке төленетін төлемдерді төлеу орны бойынша – тиісті уәкілетті мемлекеттік орган берген не электрондық база арқылы және (немесе) қағаз жеткізгіште алынған, жүзеге асырылуы үшін бюджетке төлемдерді төлеу көзделген әрекеттердің жасалмағанын растайтын, салық төлеуші ұсынған құжаттардың негізінде жүргізеді», - делінген талаптары сақталмай, «Kaz Elit Stroi» ЖШС-мен қате төленген **555,6 мың теңге айыппұл сомасын, Атырау облысының бюджетіне есепке жатқызу жүзеге асырылмағандығы анықталды.**

Сонымен қатар, Басқармамен 05.08.2020 жылы «Almaty HT Construction» ЖШС-не ҚР ӘҚБтК-нің 312-бабының 1-бөлігімен №18 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, әкімшілік жаза ретінде 555,6 мың теңге айыппұл салынған және 29.12.2020 жылы «Какимов К.» жеке тұлғаға ҚР ӘҚБтК-нің 312-бабының 1-бөлігімен №58 әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылып, әкімшілік жаза ретінде 166,7 мың теңге айыппұл салынған.

**91.** Алайда, «Almaty HT Construction» ЖШС-і және «Какимов К.» жеке тұлға тарапынан ҚР ӘҚБтК-нің 893-бабының 1-бөлігіндегі «*Айыппұлды әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлға айыппұл салу туралы қаулы, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама заңды күшіне енген күннен бастап отыз тәуліктен кешіктірмей төлеуге тиіс*», - делінген талап сақталмаған.

ҚР ӘҚБтК-нің 894-бабының 3-бөлігінде «*Егер айыппұл салынған жеке тұлға жұмыс істемейтін болса немесе басқа да себептер бойынша айыппұлды жалақысынан немесе өзге де табыстарынан өндіріп алу мүмкін болмаса, қаулыны шығарған сот, уәкілетті орган айыппұл салу туралы қаулыны, айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп орындату үшін сот орындаушысына жібереді*», - делінген.

ҚР ӘҚБтК-нің 895-бабының 1-бөлігінде «*Айыппұл салу туралы қаулыны сот, уәкілетті орган (лауазымды адам) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында, Қазақстан Республикасының төлемдер және төлем жүйелері, атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғаның банктік шотынан ақшаны оның келісімінсіз алып қою үшін сот орындаушысына жібереді*», - делінген.

Алайда, Басқарма тарапынан ҚР ӘҚБтК-нің 887-бабының 1-бөлігінде «*Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарған органға (лауазымды адамға) немесе айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқаманы ресімдеген органға осы қаулыны, нұсқаманы орындауға байланысты*

*мәселелерді шешу және оның орындалуын бақылау жүктеледі»,-делінген және Салық Кодексінің 36-бап, 2-тармақ 5) тармақшасының «Салық төлеуші салықтық міндеттемені орындау үшін мынадай әрекеттер жасайды: салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің есептелген және есепке жазылған сомасын, осы Кодекстің Ерекше бөлігіне сәйкес салықтар және бюджетке төленетін төлемдер бойынша аванстық және ағымдағы төлемдерді төлейді»,-талабы сақталмай, жергілікті бюджетке төленетін айыппұл сомасын төлеуден жалтарып жүрген тұлғаларға тиісті шараларды қабылдамау салдарынан, күні бүгінге дейін жергілікті бюджет есебіне **722,3 мың теңге** айыппұл сомасы төленбегендігі анықталды.*

2020 жылы ҚР ӘҚБтК-нің 312-бабының 2-бөлігімен, 314-бабымен, 462-бабымен және 463-бабымен қозғалған істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық істер сотта қаралуына орай, 9 әкімшілік іс әкімшілік сотқа жіберілген.

*Анықтама ретінде: 2020 жылы сотпен 9 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралып, нәтижесімен 2 148,8 мың теңге айыппұл салынып, 2 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс тоқтатылған.*

2021 жылы қозғалған істер бойынша әкімшілік жаза қолданған іс саны 13 (оның ішінде 2 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша ескерту түрінде әкімшілік жаза қолданылған), сомасы 11 726,0 мың теңгені құрады. Оның ішінде айыппұл сомасы төленген іс саны 6, сомасы 3 851,0 мың теңгені құрады, яғни қозғалған істің 45%-ның немесе 7 826,0 мың теңге айыппұл сомасы бюджетке төленбеген. Бұған себеп-ҚР ӘҚБтК-нің 312-бабының 1-бөлігімен 2 041,9 мың теңгеге толтырылған әкімшілік жаза қолдану туралы 1 қаулы және ҚР ӘҚБтК-нің 317-1 бабының 1-бөлігімен 5 834,0 мың теңгеге толтырылған әкімшілік жаза қолдану туралы 4 қаулы сотқа шағымдалып, соттың шешімімен істер тоқтатылған.

2021 жылы ҚР ӘҚБтК-нің 312-бабының 2-бөлігімен, 314-бабымен, 316-бабының 2-бөлігімен, 317-бабының 2-бөлігімен, 319-бабымен, 462-бабымен және 463-бабымен қозғалған істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық істер сотта қаралуына орай және өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамның жазбаша арызы бойынша құқық бұзушылық туралы істерді судьяға қарауға 31 әкімшілік іс әкімшілік сотқа жіберілген.

*Анықтама ретінде: 2020 жылы сотпен 31 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралып, нәтижесімен 8 380,8 мың теңге айыппұл салынып, 3 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс тоқтатылған.*

Басқармамен 2022 жылдың 1-тоқсанында 26 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған. Қозғалған істер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс саны 15, сомасы 6 878,0 мың теңгені құрап, әкімшілік айыппұл сомасы **толығымен бюджетке** төленген.

2022 жылдың 1-тоқсанында қозғалған істер бойынша әкімшілік жаза қолданған іс саны 6, сомасы 3 369,0 мың теңгеге құрады. Оның ішінде айыппұл сомасы төленген іс саны 3, сомасы 1 654,0 мың теңгеге құрады, яғни қозғалған істің 50%-ның немесе 1 715,3 мың теңге айыппұл сомасы бюджетке төленбеген. Бұған себептердің бірі-ҚР ӘҚБтК-нің ҚР ӘҚБтК-нің 316-бабының 1-бөлігімен 490,0 мың теңгеге толтырылған әкімшілік жаза

қолдану туралы 1 қаулы сотқа шағымдалып, соттың шешімімен іс тоқтатылған.

**92.** Аудитпен қамтылған кезеңде Басқармамен әкімшілік құқық бұзушылық туралы қозғалған **83** іс бойынша **31 163,91 мың теңге** әкімшілік айыппұл сомасы (2019 жылы 48 іс бойынша 15 412,4 мың теңге, 2020 жылы 22 іс бойынша 10 903,65 мың теңге, 2021 жылы 13 іс бойынша 5 747,86 мың теңге) **204157** «Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, ҚР Ұлттық экономика министрлігі, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оның аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» кодына және **37** іс бойынша **16 084,33 мың теңге** әкімшілік айыппұл сомасы (2021 жылы 36 іс бойынша 15 533,03 мың теңге, 2022 жылдың I-тоқсанында 1 іс бойынша 551,3 мың теңге) **204 159** «Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, оның республикалық бюджеттен қаржыландырылатын аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» кодына аударылған.

ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №404 «Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, ҚР Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты мен Жәбірленушілерге өтемақы қорының және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесі» бұйрығына сәйкес **204 157** «Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, ҚР Ұлттық экономика министрлігі, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оның аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» коды және **204159** «Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, оның республикалық бюджеттен қаржыландырылатын аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» коды бойынша түсімдер **100%** «Республикалық» бюджетке есептеледі деп көзделген.

Бұл ретте, Басқарма және Қаржы басқармасы тарапынан Бюджет Кодексінің 94-бабы 2-тармағындағы «Бюджетке түсетін түсімдерді алуға жауапты уәкілетті орган өзі әкімшілік жасайтын түсімдердің толықтығы мен уақтылылығын қамтамасыз етеді және олардың түсуіне, түсімдердің артық (қате) төленген сомасын қайтаруға немесе олардың бюджетке берешектерді өтеу шотына есепке жатқызылуына мониторингі жүзеге асырады», - делінген талабы және Уәкілетті органдардың тізбесін бекіту туралы қаулының талаптары сақталмай, жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес түсімдердің жергілікті бюджетке түсуінің толықтығының қамтамасыз етпеу салдарынан, 2019 жылы 14 512,4 мың теңге, 2020 жылы 10 903,65 мың теңге, 2021 жылы 21 280,89 мың теңге, 2022 жылдың I-тоқсанында 551,3 мың теңге, барлығы **47 248,24 мың теңге** тиісті бюджетке, яғни **жергілікті бюджетке** түспегендігі анықталды.

**2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе):** (болған жағдайда)

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:**

Уәкілетті органға әкімшілік іс жүргізуді қарау және қозғау үшін 5 факті бойынша аудит материалдары жіберілді. Атырау облысы Қаржы басқармасында анықталған 576,4 мың теңге өсімпұл бюджетке өтелді. Қызылқоға ауданы экономика және қаржы бөлімінде анықталған 108,1 мың теңге бюджетке өтелді.

#### **3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар**

Аудит қорытындысымен 19 597 729,2 мың теңгенің бұзушылықтары анықталды. Оның ішінде қаржылық бұзушылықтар 7 088,2 мың теңге, тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының сомасы 131 815,0 мың теңге және тиімсіз жоспарланған бюджет қаражатының сомасы 19 088 283,0 мың теңге. Жіберіп алған пайда 370 543,1 мың теңге. Сонымен қатар, рәсімдік бұзушылықтар саны 92 бірлік.

Қаржылық бұзушылықтар ішінде өтелуге жататыны 7 088,2 мың теңге.

Мемлекеттік аудит тиімділік және мәнділік көрсеткіштері бойынша жүзеге асырылды, олардың қорытындылары мынаны көрсетті.

*Бюджетті жоспарлау кезінде түсімдер мен шығыстар бойынша* Атырау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің құзыретіне жататын «Салықтық түсімдер» санаты бойынша кірістер түсімі жоспарының орындалмауы жөніндегі анықтамасына байланысты, 2021 жылға жалпы сипаттағы трансферттер есебінде болмаған, 024 «Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төмен тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджет кірісіне аударуға бекітілген 7,6 млрд теңге «Салықтық емес түсімдер» санатының «Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер» кодына жоспарланған.

Осыған байланысты, салықтық емес түсімдер бойынша жоспарлау болжамдары мен есептердің сапасын жақсартуды қажет етеді. Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, артық (қате) төленген соманың қалалық бюджеттен қайтарылуына және (немесе) есепке алынуына жауапты және салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, қалалық коммуналдық меншіктегі қаржы активтерін сатудан, қарыздардан түсетін түсімдердің жергілікті бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдардың жауапкершілігін арттыру қажет.

Түсімдердің ішінен жоспарлау жөніндегі жергілікті атқарушы органмен кірістер органдарының бірнеше нақтылаулар мен түзетулер енгізуге мүмкіндігі болсада, 2021 жылға жалпы сомасы 13 824 304,3 мың



теңгеге салықтар, алымдар, міндетті төлемдер және бюджетті алып қоюлардан жоспар орындамаған.

Атырау облысы Қаржы басқармасы тарапынан бюджеттік алып қоюлардан аударудың толықтығын бақылауды жүзеге асырылмаған. Атырау қаласы бойынша салықтық түсімдердің жоспары орындалмауынан және Жылыой ауданы бойынша мүлікке салынатын салық түсімдерінің жылдық жоспары 40 237 785,0 мың теңге, ал нақтысында түскен түсім 38 453 283,5 мың теңге немесе 95,6 % орындалып, 1 784 501,5 мың теңгеге кем түсім түскен. Түсімнің жоспарының орындалмауы жоспар бойынша Теңіз кенішінде 3-буынды зауыттың жоспарға сәйкес ашылмауынан және пандемияға байланысты кейбір мекемелер өз жұмыстарын уақытша тоқтатуына байланысты болып отыр. Аудандар мен қала бюджеттерінен облыстық бюджетке бюджеттік алымдардың 2022 жылға арналған көлемдері 199 535 345,0 мың теңге сомасында, оның ішінде: Атырау қаласынан – 162 148 659,0 мың теңге, Жылыой ауданынан – 37 386 686,0 мың теңге көзделген. 2022 жылдың I тоқсанының жоспарына сәйкес 34 963 787,0 мың теңге бюджеттік алып қою көлемінің нақтысында 34 963 787,0 мың теңгеге немесе 100% - ға орындалған. 2021 жылдың I тоқсанымен салыстырғанда алып қою көлемі 5 463 787,0 мың теңгеге немесе 15,6% - ға артық жоспарланған. Аталған көрсеткіштік салыстырманы және 2021 жылы бюджеттік алып қою жоспарының орындалмағанын ескерсек 2022 жылды орындалмау болжамы туындауда.

2022 жылдың I сәуіріне жоспарланған облыстық бюджеттің түсімдері 127,0%-ға орындалған. Есепті кезеңге 95 687 010,2 мың теңгеге жоспарланып, нақты түскен түсім көлемі 121 516 911,1 мың теңгені құраған. Бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23 484 857,9 мың теңгеге немесе 24,0%-ға ұлғайған.

Бұл дегеніміз, бюджетті жоспарлау мен атқару жөніндегі уәкілетті органдардың жоспарлау этапының дұрыс болмауынан болжамды параметрлердің бірнеше рет нақтыланғанына қарамастан жекелеген салық түрлерінен нақты мәндерге күтілетіннен төмен қалыптасып, жергілікті бюджетке түсетін түсімдер орындалмаған. Сонымен қатар, бюджеттік сыныптама кодтарына жауапты уәкілетті органдар тарапынан жоспарланған бюджет түсімдерінің толық және уақытылы түсуіне бақылауды жүзеге асырылмауынан орындалмаған.

Басқарма тарапынан бюджетке түсетін түсімдерді жекелеген салық түрлерін жоспарлау кезінде өткен жылдардағы түскен түсімдерінің динамикасы ескерілмей жоспарлаған, сондай-ақ, есептерді дайындау кезінде түсімдердің артық, кем орындалу себептері толық ашылмаған. Бұл өз кезеңінде талдамалық ақпарат дайындауға қиындық туғызады.

Атырау қаласының әлеуметтік-экономикалық даму (Бұдан әрі – ӘӘД) қорытындыларын талдау және мониторинг жүргізу кезінде аудит объектісімен ӘӘД қорытындыларын талдау және мониторинг қорытындыларын орындаушы мен қолданушыға қолжетімділігін қамтамасыз

ету мақсатында, ӘЭД көрсеткіштері тізімін бекіту және оларды енгізу тетіктерін оптимизациялау, яғни электронды жүйе енгізу қажет етіледі.

Сондай-ақ, қалалық ББӘ-нің инвестициялық ұсыныстарын қарау және олар бойынша қорытынды беру кезінде аудит ҚР Ұлттық экономика министрінің 05.12.2014 жылғы №129 бұйрығының 3-қосымшасының «Мемлекеттік инвестициялардың қажеттілігіне байланысты мемлекеттік инвестициялық жобаны іске асыру тетігін басымдықпен таңдау негізділігі» бойынша ақпараттар көрсетілмегендігі анықталды. Бұл аудит объектісі тарапынан басымдылығы жоғары өзге де проблемалардың елеусіз қалу қауіпіне жол берілгендігін көрсетті.

Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізу кезінде аудит объектісімен БИЖ бойынша орындалған жұмыстардың нақты және жоспарланған көлемі мен қаржы қаражатын игеру сомалары туралы ақпаратты ББӘ тарапынан ұсынылуы қамтамасыз етілмеген.

Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын анықтау үшін жылдық мониторинг жүргізу кезінде аудит объектісімен ҚР Өңірлік даму министрінің 24.09.2013 жылғы №239/НҚ «Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингі мен талдауын жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығында көзделген қосымшалары мерзімінде толық ұсынылмаған, бұл аудит объектісімен аталған есептілікті жинақтау кезінде өз функциясын атқаруда тиімділігінің төмендігін көрсетті.

Аудандардағы экономика және қаржы бөлімінде ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығының *(бұдан әрі - №195 Бұйрық)* талаптары сақталмай, ББӘ-нің 2021-2023 жылға және 2022-2024 жылға бюджеттік бағдарламаларының жобалары мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органымен, яғни ауданға қарасты ББӘ тарапынан аудит объектісімен келісу жұмыстарымен қамтамасыз етілмеген.

ББӘ-і тарапынан бюджеттік өтінімдерді ұсыну барысында қолданыстағы қағида талаптарын назарға алынбауынан туындаса, Бюджет қаражатын жоспарлауға жергілікті уәкілетті орган Басқарма тарапынан қадағалаудың тиісті деңгейде жүргізілмегендігінен туындаған. Осының салдарынан бюджет өтінімдердің дұрыс түзілмеу жағдайлары орын алып отыр.

Аудит барысында анықталған бұзушылықтар ББӘ тарапынан бюджеттік өтінімдерді ұсыну барысында қолданыстағы қағида талаптарын назарға алынбауынан туындаса, Бюджет қаражатын жоспарлауға жергілікті уәкілетті орган Басқарма тарапынан қадағалаудың тиісті деңгейде жүргізілмегендігінен туындаған. Осының салдарынан бюджет өтінімдердің дұрыс түзілмеу жағдайлары орын алып отыр.

ББӘ тарапынан өзіне жүктелген функциялар мен өкілеттіктерін дұрыс үйлестіре алмауынан, жұмыс этапының жоспарлау жүйесі төмен деңгейде екенін көрсете отырып, нәтижесінде субъективті себептермен тауарлардың уақытылы жеткізілмеуінен, жасалған жұмыстың актілері болмауынан және келісім-шарт міндеттемелерінің мерзімі тығыз болуына байланысты бюджет қаражаты игерілмеген.

***Бюджетті нақтылау кезінде қысқартылған қаражаттарды талдау және бағалау сондай ақ, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау мен пайдалану бағытында***

Бюджет қаржысының жоспарлануы барысында ББӘ-мен аудит объектісі тарапынан немқұрайлылық танытылып, бюджеттік өтінімдер келіп түскен уақытта инвестициялық жобалардың ұзақтығы, алдыңғы қаржы жылындағы жоспардың игерілген көлемі және жобалардың құжаттамаларының сәйкестігіне толыққанды сараланбастан бюджет қаржысының тиімсіз жоспарлап, осының салдарынан көп жағдайда жыл соңында бюджет қаржысын қысқартуларға жол беріледі.

Жоспарлау процесімен айналысатын кадрлардың біліктілік деңгейі, оларда қаржылық жоспарды әзірлеу дағдыларының болуы және мақсаттарға, міндеттерге қол жеткізу үшін қажетті шараларды айқындау, жоспарлау жүйесінің табысты жұмыс істеуіне және нәтижеге бағдарланған бюджеттеудің негізгі қағидаттарын қолдануға ықпал ететін аса маңызды факторлардың бірі болып табылады. Осы бағыттағы негізгі проблемалардың бірі сабақтастықтың болмауы.

Аудит барысында ББӘ мен аудит объектісі тарапынан қолданыстағы заңнамалар талаптары ескерілмегендігін көрсетті. Себебі, Басқарма тарапынан ББӘ-мен жоспарланатын бюджет қаражатының тиімді жоспарлануына қадағалау жүргізілмеген.

Сонымен қатар, ББӘ тарапынан жыл басында белгілі бір жобаларды жүзеге асыру үшін бөлінген бюджет қаражаттарын, жыл соңында игерілмеген қаражат бойынша жауапкершіліктен құтылу мақсатында, мердігерлермен жасақталған келісім шартты екі жақты келісім бойынша немесе бір жақты бұзып, бюджеттік нақтылау кезінде нақты себептерін көрсетпестен қысқартуға ұсыныс беру тұрақты үрдіске айналған.

Осының салдары бюджеттің тиімсіз жоспарлануына және пайдалануына әкеліп соққан. Нәтижесінде 19 088 283,0 мың теңге бюджет қаражаты тиімсіз жоспарланғандығы, 128 800,0 мың теңге тиімсіз пайдаланылғаны анықталды. Бюджет қаражатының тиімсіз жоспарлау немесе пайдалану дегеніміз бұл түпкілікті нәтижелердің орындалмау жағдайының бірден-бір факторы болып табылады.

Осылардың салдарынан облыс бойынша 17 жоба аяқсыз қалған.

Бюджет қаражатын жоспарлау барысында жергілікті бюджетті жоспарлауға уәкілетті орган тарапынан бюджеттік өтінімдер толық сараланбаған. Себебі, инвестициялық жобаларға бюджет қаражатын жоспарлаған кезде жобалық сметалық құжаттамаларының уақыты өтіп

кетуінен және жобалық сметаларда техникалық қадағалаушылардың көзделмеуінен секілді жағдайлар орын алған.

Анықталған көптеген бұзушылықтар тиісті қаржы жылындағы бюджетті жоспарлау барысында келіп түскен бюджеттік өтінімдердің талданбауынан туындаған. Себебі, бюджет қаражаттарын жоспарлау және қысқарту кезінде басты себептер мен негіздемелер көрсетілместен негізсіз қысқартуларға жол берілген.

Жоғарыда аталған бұзушылықтарды саралайтын болсақ аудит объектісі тарапынан Атырау облысы әкімдігінің 30.10.2018 жылғы №270 қаулысымен бекітілген Ереженің 14-тармағының 42-тармақшасындағы *облыстық бюджетті әзірлеу кезінде облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарайды, талдайды және қорытынды әзірлеу функциясы толыққанды жүзеге асырылмағандығын* көрсетті.

Облыс бойынша ББӘ өздеріне жүктелген міндеттерді дұрыс үйлестіре алмауынан халықтың сұраныстарын толықтай қанағаттандырмаған.

Сондай-ақ, ББӘ тарапынан бағдарламалық мақсаттарға қол жеткізу үшін мердігер қызметін келісім шартта белгіленген мерзімде жүргізуін қатаң бақылауда ұстау қажеттігін көрсетті. *Коммуналдық меншік бойынша* Қаржы басқармасының коммуналдық шарушылық жүргізу бөлімдері өздеріне жүктелген функцияларды және қадағалауды толыққанды жүзеге асырылмауынан туындаған. Осының салдары коммуналдық меншіктердің тиімді басқарылуына, бюджет есебіне түсетін қаржылардың уақытылы аударылуына өз әсерін тигізген.

Қала және Мақат аудандық қаржы бөлімдерінде Мемлекеттік мүлік туралы Заңның 6-бабының «Мемлекеттік мүлікті басқару принциптері» яғни, Мемлекеттік мүлікті басқару: 4) тармақшасына сәйкес «мемлекеттік мүлікті қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану» принципі сақталмай, ғимараттар жергілікті атқарушы органдардың мәселені шешу жолын таппауынан күні бүгінге дейін қолданылмай тұрған.

***Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша айыппұлдардың жергілікті бюджетке уақытылы және толық өндірілуі және өндірілу бойынша алынған шаралар бағытында аудит объектілерінде*** басқармамен құқығы тиісінше пайдаланылмаған тұлғаларға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жалпы тәртіппен жүзеге асырмау фактісі, тұлғалармен қате төленген айыппұл сомаларын тиісті бюджетке уақытылы есепке жатқызуды асырмау фактісі және айыппұл сомасын төлеуден жалтарып жүрген тұлғаларға тиісті шараларды қабылдамау фактісі орын алды.

Басқармамен қозғалған істердің қызметкерлерге келетін үлесіне талдау жүргізсек, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырған лауазымды тұлғаға, «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы» түбіртегін және «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу тәртібінде әкімшілік айыппұл төлеу туралы» түбіртектің түбірін толтырған лауазымды тұлғаға және әкімшілік жаза

қолдану туралы қаулы шығарған лауазымды тұлғаға, осы қаулыны, нұсқаманы орындауға байланысты мәселелерді шешу және оның орындалуын бақылауға ешқандай кедергі келмейтінін атап өтуге болады.

Аудит барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер Бюджет Кодексінің, РҚ ӘҚБТК-нің, Салық Кодексінің талаптарын жеткілікті деңгейде басшылыққа алмаудан және жүйелі түрде бақылауға алмағандықтан орын алғандығын байқауға болады.

### **3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:**

1) «2021-2022 жылдардағы жергілікті бюджеттің жоспарлануына және атқарылуына, сондай-ақ, 2019-2021 жылдардағы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар бойынша жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің, бюджетке түсетін түсімдерді алудың толықтығы мен уақтылығына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген соманы қайтаруға, есепке жазудың тиімділігіне, мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігіне мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүргізу» аудиторлық іс-шарасының нәтижелерін тексеру комиссиясының отырысында қарау.

2) Атырау облыстық мәслихатына, Атырау облысы әкімдігіне аудиторлық іс-шараның қорытындысын жолдауға.

3) Аудит объектілеріне нұсқама жолдауға.

4) Жоғарыда аталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды ескере келе, облыс, қала және аудандардағы бюджет қаражатының жоспарлану және атқарылу тиімділігі төмен деңгейде деп танылсын.

#### **Атырау облысы әкімдігіне:**

1) **Ұсыныс: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 «Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығының 148-151-тармақтарына әкімшілік айыппұлды есепке алу бойынша қосымша «мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының берген нұсқамасына сәйкес» алгоритмін ұсыну жөнінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсыныс енгізу;

2) **Ұсыныс: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** Мемлекеттік Еңбек инспекциясының Ережесіне «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау және жазалар қолдану» жөнінде өзгеріс енгізуді;

#### **Атырау қаласы әкімдігіне:**

3) **Ұсыныс: 2022 жылдың 08 қазанға дейін** түсімдердің орындалмау фактілерінің алдын алу мақсатында бюджетке түсетін түсімдерді жекелеген салық түрлерін жоспарлау кезінде өткен жылдарыдағы түскен түсімдерінің динамикасын ескере отырып, Атырау қаласы үшін жалпы мемлекеттік салықтар түсімінің нормативін қайта қарау үшін облыстық Экономика және бюджетті жоспарлау басқармасына ұсыныс енгізсін;

#### **Құрманғазы ауданы әкімдігіне:**

**4) Ұсыныс: 2022 жылдың 08 қазанға дейін** Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 94-бабының 3-бөлігіне сәйкес, Құрманғазы ауданы әкімдігінің жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, қарыздардан түсетін түсімдердің бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін қайта жасақтап бекітуді;

**Исатай ауданы әкімдігіне:**

**5) Ұсыныс: 2022 жылдың 08 қазанға дейін** Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 94-бабының 3-бөлігіне сәйкес, Исатай ауданы әкімдігінің жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің алынуына, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан, трансферттерден, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларынан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, қарыздардан түсетін түсімдердің бюджетке түсуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін қайта жасақтап бекітуді;

**Атырау облысы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына:**

**1) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** аудитпен анықталған бұзушылықтарды есепке ала отырып, облыс бюджетін жоспарлау сапасын жақсартуды және бюджеттік бағдарлама әкімшілілернің жоспарлы мақсаттар мен оң қорытындыларға қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша хаттамалық тапсырмалар беру;

**2) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қазанға дейін** бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне негізсіз және жоспарлау және бюджет қаражатын бөлу, жобалау сатысында олардың қажеттілігін алдын ала есептеу, тиімсіз жоспарлау практикасын тоқтату жөнінде хаттамалық тапсырма беру;

**3) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қазанға дейін** түсімдердің орындалмау фактілерінің алдын алу мақсатында бюджетке түсетін түсімдерді жекелеген салық түрлерін жоспарлау кезінде өткен жылдарыдағы түскен түсімдерінің динамикасын ескеріп жоспарлау үшін хаттамалық тапсырма беру;

**4) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** бюджеттік өтінімдерді қарау кезінде қолданыстағы заңдылықтарды қатаң сақтау жөнінде басқарманың қызметкерлеріне хаттамалық тапсырма беру;

**5) Тапсырма:** Жоғарыда аталған тапсырмаларды орындау үшін **жоспар жасақтап**, қабылданған шаралар туралы ақпарат растайтын құжаттарымен бірге Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясына белгіленген мерзімде ұсынылсын.

**Атырау облысы Қаржы басқармасына:**

**1) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** Кірістер органы мен бюджетті жоспарлау және атқару жөніндегі уәкілетті органдардың өзара іс-қимыл жүзеге асыруын қамтамасыз етіп, салық салу базасымен бекітілген

жоспарға сәйкес түсімдерді толық жоспарлануын қамтамасыз ету бағытында нақты шаралар қабылдау жөнінде хаттамалық тапсырма беру;

**2) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** бюджет қаражатын уақытылы игеру, жұмсау тиімділігіне жүйелі талдау жасау және облыстық инфрақұрылым объектілерін абаттандыру, ұстау, сондай-ақ оларды күрделі жөндеу бойынша мердігерлік компаниялардың шарттық міндеттемелерін уақытылы және толық орындауына бақылауды күшейту үшін бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне хаттамалық тапсырмалар енгізу;

**3) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қазанға дейін** мемлекеттік органдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде бухгалтерлік есеп қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөнінде шаралар қабылдау жөнінде тапсырмалар енгізу;

**4) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** облыстың квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің құрылтайшыларының тиімді жұмыс істеуін және активтерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ете отырып, олардың қызметін бақылау тәжірибесін енгізу;

**5) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** Атырау облыстық мемлекеттік мүлкіне мониторингтеу, олардың тиімді пайдалануын және бірыңғай жүйесіне тапсырылған есептерін қатаң түрде қадағалау жұмыстарын жүргізіп, квазимемлекеттік сектор субъектілердің бюджетке аударатын таза пайдасының уақытылы бюджетке аударылуын қатаң бақылау үшін басқарманың қызметкерлеріне хаттамалық тапсырма беру;

**6) Тапсырма:** Жоғарыда аталған тапсырмаларды орындау үшін жоспар жасақтап, (оның ішінде, коммуналдық меншігін басқаруды жақсартуды жөнінде) қабылданған шаралар туралы ақпаратты растайтын құжаттарымен бірге Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясына белгіленген мерзімде ұсынылсын.

**Атырау қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне:**

**1) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** Атырау қаласының әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын талдау және мониторинг жүргізу кезінде аудит объектісімен әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын талдау және мониторинг қорытындыларын орындаушы мен қолданушыға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері тізімін бекіту және оларды енгізу тетіктерін оптимизациялау, яғни электронды жүйе енгізу жолдарын қарастырып ақпарат дайындау;

**2) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** ББӘ-не негізсіз, артық жоспарлау және бюджет қаражатын бөлу, жобалау сатысында олардың қажеттілігін алдын ала есептеу, тиімсіз жоспарлау практикасын тоқтату;

**3) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** ББӘ-нің ұсынған бюджеттік өтінімдерін қарау кезінде бюджеттік бағдарламаға сәйкес келмейтін сұраныстарды қабылдауға жол бермеуді қамтамасыз ету жөнінде бөлім қызметкерлеріне хаттамалық тапсырма беру;

**4) Тапсырма:** Жоғарыда аталған тапсырмаларды орындау үшін жоспар жасақтап, (жоспарлау сапасын жақсартуды) қабылданған шаралар туралы ақпарат растайтын құжаттарымен бірге Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясына белгіленген мерзімде ұсынылсын.

**Атырау қалалық Қаржы бөліміне:**

**1) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындауға арналған резервтерді бөлу кезінде бюджет қаражатын тиімді пайдалану үшін сот шешімдерінде апелляциялық шағым келтіру мүмкіндіктерін қарастыру үшін бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне тапсырмалар беру;

**2) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** бюджет қаражатын уақытылы игеру, жұмсау тиімділігіне жүйелі талдау жасау және қаладағы инфрақұрылым объектілерін абаттандыру, ұстау, сондай-ақ оларды күрделі жөндеу бойынша мердігерлік компаниялардың шарттық міндеттемелерін уақтылы және толық орындауына бақылауды күшейту үшін бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне қатаң тапсырма беру;

**3) Ұсыныс: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** қалалық коммуналдық меншіктегі мемлекеттік активтерін, бюджет қаражаттарын тиімді басқару, пайдалану бойынша қатаң бақылауға алу және коммуналдық меншігін басқаруды жақсарту жөнінде хаттамалық тапсырма беру;

**4) Тапсырма:** Жоғарыда аталған ұсныстармен тапсырмаларды орындау үшін жоспар жасақтап, қабылданған шаралар туралы ақпарат растайтын құжаттарымен бірге Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясына белгіленген мерзімде ұсынылсын.

**Жылыой, Құрманғазы, Индер, Исатай, Қызылқоға, Мақат, Махамбет аудандық экономика және қаржы бөлімдеріне:**

**1) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қазанға дейін** бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне негізсіз, артық жоспарлау және бюджет қаражатын бөлу, жобалау сатысында олардың қажеттілігін алдын ала есептеу, тиімсіз жоспарлау практикасын тоқтату жөнінде хаттамалық тапсырма беру;

**2) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** түсімдердің орындалмау фактілерінің алдын алу мақсатында бюджетке түсетін түсімдерді жекелеген салық түрлерін жоспарлау кезінде өткен жылдардағы түскен түсімдерінің динамикасын ескеріп жоспарлау үшін хаттамалық тапсырма беру;

**3) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** бюджеттік өтінімдерді қарау кезінде қолданыстағы заңдылықтарды қатаң сақтап қабылдау, жинақтау тәжірибесін енгізу жөнінде бөлім қызметкерлеріне хаттамалық тапсырма беру;

**4) Тапсырма: 2022 жылдың 08 қыркүйекке дейін** бюджет қаражатын уақытылы игеру, жұмсау тиімділігіне жүйелі талдау жасау және қаладағы инфрақұрылым объектілерін абаттандыру, ұстау, сондай-ақ оларды күрделі жөндеу бойынша мердігерлік компаниялардың шарттық



міндеттемелерін уақтылы және толық орындауына бақылауды күшейту үшін бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне қатаң тапсырма беру;

**5) Тапсырма:** Жоғарыда аталған ұсныстармен тапсырмаларды орындау үшін жоспар жасақтап, (жоспарлау және атқару сапасын жақсартуды) қабылданған шаралар туралы ақпарат растайтын құжаттарымен бірге Атырау облысы бойынша тексеру комиссиясына белгіленген мерзімде ұсынылсын.

**Атырау облысы Мемлекеттік сәулет-құрылысы бақылау басқармасына:**

**1) Тапсырма:** 2022 жылдың 31 қазанға дейін қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес айыппұл аудитпен анықталған жергілікті бюджетке түсуге қажетті айыппұлдардың қайтарылуын қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

**2) Тапсырма:** 2022 жылдың 08 тамыз дейін аудиторлық іс-шара қорытындысымен анықталған бұзушылықтарға жол берген кінәлі тұлғаларға қолданыстағы заңнамалар шеңберінде тәртіптік шара алу мәселесін қарастыру;

**Мемлекеттік еңбек инспекциясына:**

**1) Тапсырма:** 2022 жылдың 31 қазанға дейін қолданыстағы заңдылықтарға сәйкес айыппұл аудитпен анықталған жергілікті бюджетке түсуге қажетті айыппұлдардың қайтарылуын қамтамасыз ету шараларын қабылдау;

**3.4. Қосымша:**

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 28 парақта.

Анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер бойынша жиынтық кесте 30 парақта.

**Тексеру комиссиясының мүшесі**

**А.Кумаров**

**Сапаны бақылау және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы**

**Ж.Мулдағалиева**

**Сапаны бақылау және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бас инспектор – заңгері**

**А.Есенбаева**

**№1 мемлекеттік аудит бөлімінің басшысы, мемлекеттік аудиторы, Аудит тобының жетекшісі**

**З.Кинжеғалиева**